



Журнал 2006 жылдың қантар айынан бастап екі айда бір рет қазақ тілінде шыға бастады.  
2011 жылдан бастап ай сайын шығады

Республикалық ғылыми-әдістемелік, педагогикалық журнал)

## МАЗМҰНЫ

<b>Г. Габдешева.</b> Ел рәміздері – ел рухы.....	3
<b>Ш. Жанғалиева.</b> Мемлекеттік рәміздер – ұлттық мақтаныш.....	8
<b>Ш. Набиева.</b> Қазақтың қайсар қызы – Элия.....	11
<b>А. Бегетаева.</b> Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмайды ...	12
<b>Н. Мондагалиева.</b> Бөрі қазақ сөйлесе.....	16
<b>Р. Есалинова.</b> Тіл тағдыры – ел тағдыры.....	19
<b>Б. Махамбердиева.</b> Жүзден жүйрік.....	22
<b>С. Қонысбаева.</b> Өнер алды – қызыл тіл.....	26
<b>А. Мұқанбетқалиева.</b> Озаттар сайысы.....	28
<b>Р. Аугонбаева.</b> Менің қар барысым.....	29
<b>Г. Қуаныш.</b> Партизан жазушының шығармасы насихатталды .....	34
<b>Р. Жұмагұлова.</b> 23 сәуір – Дүниежүзілік кітап және авторлық құқық күні .....	35
<b>А. Біршілік.</b> Дені сау ұрпақ – жарқын болашақ.....	37
<b>А. Кеншінбаева.</b> Жаһанға мәлім Жошы ұлысы .....	39
<b>А. Таған.</b> Үранды елдің үрпағы қайсар.....	40

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:  
«Педагог LTD» ЖШС

Бас редактор:  
**Гүлжанат ҚҰСТАНОВА**

Көркемдеуші және беттеуші:  
**Нұрзат РАЙМҚҰЛОВА**

«Мектептегі мерекелер:  
тәрбие жұмыстарының  
сценарийлері» журналы

20.05.2010 ж. ҚР Байланыс  
және ақпарат министрлігінде  
қайта тіркеліп, №10966-Ж  
куәлігі берілді.

Басылым индексі: 75489

Басуға қол қойылды  
17.06. 2024 ж.  
Офсеттік басылым.

Тапсырысы: 326.

Редакцияның мекен-жайы:  
050036, Алматы қаласы,  
Мамыр-2 ы/а, 13-7.  
Тел/факс: 8 (727) 255-72-94.  
Ұялы тел.: 8 777 194 94 58,  
8 777 303 37 67.  
Эл.пошта: pedagog-ltd@mail.ru

Журнал <<Print House GERONA>>  
баспаханасында басылды.  
Алматы қаласы, Сәтбаев көшесі  
30А/3, 124-көнде.  
Тел.: (727) 250 47 40.

## **АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:**

**Кіршібаева Райхан –**  
әл-Фараби атындағы  
№145 жалпы білім беретін  
мектеп директорының  
тәрбие жұмысы жөніндегі  
орынбасары,  
Алматы қаласы.

**Қоңырбаева Сараш**  
**Сахиқызы –** әл-Фараби  
атындағы Қазақ Ұлттық  
университетінің ага  
оқытушысы, педагогика  
ғылымдарының кандидаты.  
Алматы қаласы.

**Атабекова Бақытгүл**  
**Ботабекқызы – PhD,**  
Абай атындағы Қазақ  
Ұлттық педагогикалық  
университетінің ага  
оқытушысы. Алматы қаласы.

## **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!**

Материалдарды компьютерде Times New Roman қарпімен теріп, көлемі 2 беттен аспайтын Microsoft Word файлы ретінде CD дискіге жазып жіберіңіз. Мақала сонында автор туралы толық әрі нақты мәлімет болуы керек. Аты-жөніндегі толық жазыныз (Мысалы, М.Т., К.С. емес). Мақалаңызға қосымша журналға жазылғандығының жөніндегі **түбіртек** **көшірмесін** салғанының жөн. Түбіртектің түпнұсқасы өзінізде қалсын. Ол журналды уақытысында алмаған жағдайда байланыс бөлімшесіне барып, талап етулерінізге керек болады. Мақаланы мүмкіндігінше Интернет арқылы электронды поштага (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru) жіберіңіз. Факс арқылы, бағалы хат арқылы да редакция мекенжайына жіберулерінізге болады.

Жарияланған материалдар  
редакцияның пікірін білдірмейді.  
Фактілер мен мәліметтердің  
дұрыстығына авторлар жауапты.  
Колжазбалар мен фотосуреттер  
рецензияланбайды және  
қайтарылмайды. Журналға  
шыққан материалдарды  
редакцияның келісімінсіз  
көшіріп басуға болмайды.

# Ел рәміздері – ел рухы

**Сабактың барысы:**

**Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны орындалады.**

**Жүргізуші:** Армысыздар құрметті оқушылар және сабағымыздың қонақтары.

Тәуелсіз Қазақстан Республикасы – Еуразия материгінің орталық бөлігінде орналасқан мемлекет. Жер көлемі – 2724,9 мың км<sup>2</sup>. Қазақстан жер көлемі жөнінде дүние жүзі бойынша 9-орынды иеленді. Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін 1991 жылы 16 желтоқсанда жариялағаны белгілі. Кез келген мемлекеттің басқалардан ерекшелеп тұратын нышандары болады. Қазақстан Республикасының Конституциясының 9-бабында «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері – Туы, Елтаңбасы және Гимні» делінген. Сондай-ақ осы заңның 34-бап, 2-тармағында «Әркім Республиканың мемлекеттік нышандарын құрметтеуге міндettі», - делінген «Ел рәміздері – ел рухы» атты тәрбие сағатын бастауға рұхсат етініздер.

**Негізгі бөлім.**

Оқушыларды 2-топқа бөлу. 1-топ.

**Туған жер; 2-топ. Атамекен.**

**1-топтың сұрақтары:**

1. Қазақстан Республикасының рәміздеріне нелер жатады? (Жауап: Ту, Елтаңба, Әнұран)

2. Қазақстан Республикасының Әнұраны неше рет ауысты? (Жауап: Екі рет)

3. Мемлекеттік Елтаңбада кездесетін аспан денесі? (Жауап: Жұлдыз)

4. Мемлекеттік Тудың ұзындығы мен енінің қатынасы қандай? (Жауап: 2x1 м.)

**2-топтың сұрақтары:**

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері қабылданған жыл? (Жауап: 1992 ж.)

2. Мемлекеттік Рәміздер күні: (Жауап: 4 маусым)

3. Мемлекеттік Елтаңбада бейнеленген жануар? (Жауап: Қанатты пырак)

4. Қазақстан Республикасының жаңа Әнұраны алғаш рет қандай жиында орындалды?

(Жауап: Ел президентін ұлықтау рәсімінде)

**Жүргізуші:** Егеменді еліміз жер бетіндегі басқа мемлекеттермен тerezесі тең, өркениетті ел ретінде танылып, 1992 жылы 4 маусымда Мемлекеттік рәміздер Ту, Елтаңба, Әнұран бекітілді. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев Жарлығымен 4 маусым «ҚР Мемлекеттік рәміздер күні» болып белгіленді. ҚР Конституциясы 1995 жылы 30 тамызда референдумда қабылданды. 9-бөлім, 98-баптан тұрады. 9-бабында ҚР мемлекеттік рәміздері – Туы, Елтаңбасы, Әнұранның сипаттамасы және ресми пайдалану тәртібі конституциялық заңмен бекітілген. 34-бапта әркім республиканың мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге міндettі екені ай-

тылады. Мемлекеттік рәміздер белгілі бір елдің өзіндік өмір салтын, бүкіл болмыс ерекшелігін, айрықша арман аңсарын, басқалармен байланыс мұраттарын білдіреді.

Осы бір қасиетті белгілердің мәнін әрбір азамат терең түсініп, оны қастерлей білу керек. Мақтансан қастан елім деп,

Тани біл елдік таңбанды.

Елтаңба, Туын, Әнұран –

Тәуелсіздікке тән белгі –

Қасиетті осы рәміздер.

Еліме рух, мән берді,

Иесі оның мына біздер, - деп тәрбие сағатымызды ары қарай жалғастырамыз.

### 1-оқушы:

Көк жүзінде көгілдір,

Гүл жайнаған мөлдір нұр.

Қазақстан жалауы –

Азаттықтың алауы.

Желбірейді аспанда,

Отан орны асқарда.

Ендеше елтаңба жайлы, оның мағынасы жайлы түсінік беріп өтейікші.

**2-оқушы:** Мемлекеттік елтаңбанның авторлары танымал суретшілер Жандарбек Мәлібеков пен Шота Аман Уәлиханов. Қазақта «Шаңырағың биік, кереген кен, босаған берік болсын» деген тілек сөз бар. Елтаңба авторлары осы сөздерді басшылыққа алған. Қазақстан Республикасының Елтаңбасы көгілдір түстің үстіне салынған шаңырақ бейнесінен тұрады. Одан жан-жаққа күн сәулесі тәрізді уықтар тарайды. Шаңырақ пен уықтар біздің Отанымызда тыныштықта

жарасымды өмір сүріп жатқан көптеген халықтардың бірлігін көрсетеді. Қазақстан Республикасының Елтаңбасының бір бөлігі ертедегі қанатты тұлпар. Елтаңбаның жоғарғы жағындағы бес бұрыш – бақытты өмірге жол сілтейтін жарық жүлдүздің белгісі. Төменгі жағындағы «Қазақстан» деген жазу республиканың атын көрсетеді. Масақ Отанымыздың байлығы іспеттес.

Қатар шапқан қос тұлпар,

Ай астында қазақ үй

Қалықтаған жас сұнқар,

Шарықтаған таза күй.

Бұл таңбасы елімнің,

Елдігімнің белгісі.

Бейнелеп сан ғасырды

Елтаңбасы елімнің,

Таратады хас үлгі

Үрымдады болса екен деп сәтті күн.

Бейбітшілік, тыныштықтың нышанын,

Көк туымыз білдіріп тұр тап бұғін.

### 3-оқушы: Елтаңба

Көгілдір тұс аясында шаңырағым шарықтап,

Жүйрік пырақ қанатты тұр қанаттымен қалықтап.

Сәулесіндей күннің алтын уықтар тұр шаншылып.

Қасиетті Елтаңбаға қарап тұрсақ анықтап.

Тұп төрінде жүлдүзым тұр жаңа жанған бағымдай.

Мәңгі бақи тұрса екен өз орнынан алынбай.

Ортасында «Қазақстан» деген жазу жазылған,

Шаттандырып шабыт берген жүрөгімнің қанындай.

Шаңырақ тұр арқау болып, бар жүгінді арқалап,

Шаңырағым биік болса шарықтайды шартарарап.

Елім үшін шексіз өмір, тіршіліктің нышаны,

Қазақ елі бар әлемге үлгі болып тарқамақ.

Көк кілемдей желде ескен қанатты бар пырағы,

Елтаңбада екі жаққа мойын бұрып тұрады.

Желмаядай жүйрік болған, ай мүйізді пырағым,

Сол пырақпен бейнеленген ата баба тұрағы.

#### 4-окушы:

Жарық жұлдыз жарқыраған елтаңбаның төсінде,

Баршамызға бағдар берген айлы тұннің кешінде.

Міне осындай суреттелген Елтаңбасы елімнің,

Әлі талай сақталады бүкіл әлем есінде.

Ту жайлы айтып отейік

**5-окушы:** Егер де Туға тұтас зер салсан, автордың оны жасағанда үлкен мазмұнды ойластырғаны байқалады. Ол жер жүзінде әлемге нұрын шашқан Күн сәулесі астында қияға қанат қаққан қыран – тыныштық пен баянды өмірдің белгісі, ал ою-өрнек тудың қай елдікі екенін аңғартады.

Тудың авторы – Шәкен Ондасынұлы Ниязбеков белгілі монументші-суретші. Біздің туымыз – көгіл-

дір түсті, тік төртбұрышты мата. Ол бірлік пен аман-есендікті көрсетеді. Оның қақ ортасындағы сәулесін шашқан алтын Күн – тыныштық пен байлықтың белгісі.

Қазақ халқы сонау ерте заманнан бері қыранды киелі, қасиетті құс деп есептеген. Туда қыранның орын алуы тәуелсіздік алған Қазақстан қыран сияқты биікте болсын, қыран сияқты ғұмыры ұзак болсын деген ойдан туған.

Тудың сабын бойлай ұлттық ою-өрнек салынған тік жолақ қазақ елінің өзіндік сипатын, танымдық бейнесін көрсетеді.

Айнымайды аспаннан  
Біздің тудың бояуы.

Мереке бүгін бақ күні  
Егеменді елімнің.

Оны халық қашанда  
Биікке іліп қояды.

Желбірейді көк туы  
Түсіндей боп көгімнің.

**«Көк тудың желбірегені» әні орындалады.**

**6-окушы:** Кез келген мемлекеттік рәміздердің ең маңыздысы – Әнұран. Әнұран мемлекеттің салтанатты әні. Ол халықты әйгілі етеді. Оның сөздерінде халықтың мындаған жылғы тарихы, бүгінгі өмірі мен келешек арманы айтылған. Әнұранды түрекеліп, жүректің тұсына қолдарын қойып айтады. Бұл өз мемлекетіңе деген құрметті көрсетеді. Халық өмір салтын бүгінгі тіршілігі мен келешек армандарын, мың жылғы тарихын осы әнге сыйғызыған.

Мемлекеттік Әнұран – еліміздің

музыкалық поэтикалық эмблемасы, әдеби сазды құжаты. Ол халық жүргегінің лұпілін тұмар ғып түйген музыкалық сәлем хат іспеттес.

**Женістерге қолбасыдай,**  
**Ерліктердің жолдасындай**  
**Еліміздің әнұраны жүректерде**  
**жанғырады.**

**Жаршысындай** данқымыздың,  
**жан серігі** халқымыздың.

**Жүргізуши:** Мемлекеттік туымыздың авторы кім?

Шәкен Ондасынұлы Ниязбеков. ҚР Мемлекеттік Туының авторы, Қазақстанға еңбегі сіңген өнер қайраткері, Қазақстан дизайн өнерінің негізін қалаушылардың бірі. 1938 жылы 12 қарашада Тараз қаласында дүниеге келген. Ленинград жоғарғы көркем өнер училищесін бітірген. Алматы қаласының бас суретшісі.

**Жүргізуши:** Қазақстан дейтін Отан анымыздың Елтаңбасының авторы кім?

**7-окуши:** Жандарбек Мәлібекұлы. ҚР Мемлекеттік Елтаңбасының авторы. Өзбекстанға еңбегі сіңген сәулетші. 1942 жылы Қызылорда облысы Жанақорған ауданының Екпінді ауылында дүниеге келген. Ташкент политехникалық институтының сәулет өнері факультетін бітірген. Ташкент қаласындағы ғылыми зерттеу жобалау институтының қала құрылышы шеберханасының жетекшісі, жобалар жөніндегі бас сәулетшісі, қазір Астанада тұрады.

**8-окуши:** Шотаман Үйдырысұлы Уәлихан.

ҚР Мемлекеттік Елтаңбасының

авторы. Қазақстанға еңбегі сіңген сәулетші, мемлекет сыйлығының иегері, белгілі қоғам қайраткері. 1932 жылы Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданындағы Сырымбет ауылында туған. Мәскеу архитектуралық институтын бітірген. «Қазақ қала құрылышын жобалау» институтының қызметкери.

**Жүргізуши:** Ал Әнұранымыз қалай өмірге келді? Авторлары кім?

**9-окуши:** Шәмші Қалдаяқов есімі аталғанда аузымызға бірден халқымыздың әнұранына айналған «Мениң Қазақстаным» әні түседі. Иісі қазақтың көкірегінде жыр болып төгіліп, сыр болып өріліп, әндерінің қай қайсысы да халықпен бірге туғандай біте қайнасып, оның бөлінбейтін бөлшегіне айналып кеткен. Халқының жүрегін осыншалықты сыршыл да көусар саздың құдіретімен баураған ұлы сазгер есімі ұмтылмайды. Халық жүрегінде мәнгі сақталады.

Алғашқы елтаңбалар қашан пайда болған?

Алғашқы нышандарға жататын тотемдік белгілер әлемнің барлық халықтары арасында кең тараған. Негізінен жануарлар бейнесі кескінделген бұл тұмаршалар белгілі бір рулар мен тайпалардың ортақ рәмізіне айналды. Олардың қай қоғамдастыққа жататынын сол тұмаршаларға қарап ажырататын болды. Кейінірек кесемдер мен рубасыларының билік белгілері ретінде бір уыс шөп, жапырақ, құстың қауырсын қанаты, айрықша әшекейлеп

жасалған бас киім және басқа нышандар пайдаланылды. Олардың орнын наиза, әшекейлі бақандар мен түрлі темір салпыншақтар басты.

Мемлекеттік рәміздерге байланысты қызықты ақпарат пен деректер

**Жүргізуши:** Жалпылама Қазақстан туралы білімдерінді жинақтайсындар, балалар.

1. ҚР тәуелсіздікті қай жылы алды?

2. Қазақстан – «Еуразияның кіндігі» деп неліктен аталады?

3. Жер көлемі жағынан Қазақстан нешінші орында?

4. Еліміздің жер көлемі

5. Қазақстанда қанша облыс бар?

6. Қазақстанда қанша ұлт өкілдері тұрады?

7. ҚР неше мемлекетпен шектеседі?

8. ҚР тұнғыш президенті кім?

9. ҚР жаңа Астанасын атаңыз

10. ҚР-ның рәміздерін атаңыз.

### Қазақстанға саяхат

Қазақстанның өзендері, көлдері, облыстары, таулары, жазықтарының аттары аталады. Картадан көрсету керек.

Мұнайлы өлке (Батыс Қазақстан), Қазақтың ұсақ шоқысы (Сарыарқа), Құріш өсіретін аймақ (Қызылорда облысы), Ең ірі өзен (Ертіс), Еліміздің бас қаласы орналасқан өзен (Есіл), ең ірі тау (Тянь Шань)

### Корытынды.

**Мұғалім:** Тұымыз, Елтаңбамыз, Әнұранымыз бүкіл халқымызды жұмылдырып, рухтандырып тұрады. Осындай халық камын ойлаған азаматы бар қазақ елін бүгінде әлем таниды. Құрметті оқушылар! Сендер тәуелсіз еркін елде ер жеткен ұлансыздар. Ендігі жерде еліміздің тағдыры, Қазақстан ертеңі өз қолдарынызда. Туған елімізді жоғары дамыған елдер қатарына енгізетін мына сендерсіндер. Ол үшін сендер терең әрі жан-жақты білім алу керексіндер, - дей келе бүгінгі тәрбие сағатымызды аяқтаймыз. Мемлекеттік рәміздерді қадірлеу тәуелсіз Қазақстанның әрбір азаматының қасиетті борышы.

Мемлекеттік рәміздерді құрметтеу – елді, халықты, тарихты, әдет-ғұрыпты, салт-дәстүрді қастерлеу болып табылады.

**Жүргізуши:** Тұмен – тұғырлы, Елтаңбасымен – еңселі, Әнұранымен айбатты ел! Қош сау болыңыздар.

**Гүлдана Тілековна  
ГАБДЕШЕВА,  
№67 ЖББОМ КММ-нің тарих  
пәні мұғалімі.  
Ақтөбе қаласы.**



# Мемлекеттік рәміздер - ұлттық мақтаныш

## Мақсаты:

1) Қазақстан Республикасының Елтаңбасы, Туы, Әнұраны туралы түсініктерін нығайту. Рәміздердің пайда болуы және тарихтағы маңызы жайлыш түсініктерді дамыту;

2) Оқушының есте сақтауын дамыту, өз ойын дұрыс жеткізуге ынталандыру;

3) Оқушыларды Отансүйгіштікке, адамгершілікке, халқына адаптациялық қызмет етуге, елінің рәміздерін қастерлеп, құрметтеуге, халқының тегін, тарихын білуге тәрбиелу.

**Көрнекілігі:** рәміздерге байланысты түрлі-түсті суреттер, буклеттер, карта, мақал-мәтелдер, Отан, жер туралы нақыл сөздер, компьютер, экран (слайдшоу).

## Тәрбие сағатының барысы:

### ҚР Әнұраны орындалады.

**1-жүргізуши:** Армысыздар, құрметті ұстаздар, оқушылар, қонақтар! «Мемлекеттік рәміздер – ел мақтанышы» атты алғашқы сабағымызды бастауға рұқсат етініздер!

**2-жүргізуши:** Бүгінгі Қазақстан – әлем назарында, өзінің болашағынан үлкен үміт күттіретін жері, халқы бай ел.

Қазақстан – сан ғасырлық тарихы бар,

Қазақстан – бұл озат ел танысындар.

Көк байрағы, елтанба, әнұраны,

Қазақ елі егеменді, сан ұлты бар.

Тәуелсіздік бабалардың ұраны,

Бейуақытта бойға таққан тұмары.

Тәуелсіздік – түнектерде тұншығып, Үзғар болып жанбай қалған шырағы.

**1-жүргізуши:** Біздер – тәуелсіз қазақ елінің ең жас ұландарымыз. Сондықтан өз жерімізді, өз елімізді әкелер мен аталарымыз сияқты қадірлеуге, сүюге қорғауға тиіс екенімізді естен шығармайық.

Отан – жерім, Отан – суым,  
Отан қуат, нәр береді.

Отан – ұран, Отан – туым,

Отан мәңгі гүлденеді, - демекші, тәуелсіздігіміз тұғырлы болып, еліміздің символы –мемлекеттік рәміздерді қастерлеп, құрметтеу бәріміздің міндетті парызымыз болып саналады.

**2-жүргізуши:** Мемлекеттік рәміздер – халқымыздың рухын, ұлттық салтсанасын, қаһармандығы мен даналығын, болашаққа үмітін, арман-тілегін жеткіzetін ерекше құнды белгілер.

**1-оқушы:** 1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан тәуелсіз республика болып жарияланды.

## 2-оқушы:

Қазақстан дейтін менің бар елім,

Жатыр алып жарты дүние әлемін!

Бұл даланы анам жаспен суарған,

Бұл далада атам қолға ту алған.

Бұл далаға жылап келіп, уанғам,

Бұл даланы көріп алғаш қуанғам,

Бұл далада өскен жанда жоқ арман!

**«Елім менің» әні орындалады.**

**1-жүргізуши:** Еңселі Елтаңба.

Мемлекеттік елтаңбаның авторлары танымал суретшілер Жандарбек Мәлібеков пен Шота Аман Үәлиханов.

Қазақта «Шаңырағын биік, кереген кең, босаған берік болсын» деген тілек сөз бар. Елтаңба авторлары осы сөздерді басшылыққа алған. Қазақстан Республикасының Елтаңбасы көгілдір түстің үстіне салынған шаңырақ бейнесінен тұрады. Одан жан-жаққа күн сәулесі тәрізді уықтар тарайды. Шаңырақ пен уықтар біздің Отанымызда тыныштықта жарасымды өмір сүріп жатқан көптеген халықтардың бірлігін көрсетеді. Қазақстан Республикасының Елтаңбасының бір бөлігі ертедегі қанатты тұлпар. Елтаңбаның жоғарғы жағындағы бес бұрыш – бақытты өмірге жол сілтейтін жарық жұлдызының белгісі. Төменгі жағындағы «Қазақстан» деген жазу республиканың атын көрсетеді. Масақ Отанымыздың байлығы іспеттес. Мемлекеттік Елтаңба туға, мөрге, металл ақшаға, мемлекеттік ғимараттарға, сонымен қатар Қазақстан Республикасының азаматы екендігін айқындайтын төлкүжаттарға да салынады. Тұрақты орнатылатын жері: ҚР Президенті жұмыс бөлмесінде, Парламент мәжілістері өтетін залда, мемлекеттік мекемелер басшысының бөлмелерінде орнатылады.

### 3-окушы:

Қатар шапқан қос тұлпар,  
Ай астында қазак үй.  
Қалықтаған жас сұнқар,  
Шарықтаған таза күй.  
Бұл – таңбасы елімнің,  
Елдігімнің белгісі.

### 4-окушы:

Бейнелеп сан ғасырды,  
Елтаңбасы елімнің.

Таратады хас үлгі,  
Киесіндей жерімнің.  
Бабам тұлпар жаратты,  
Құлыныңда танып-ак.  
Тұлпар барда қанатты,  
Шайқалмайды шаңырак.  
Тәуелсіздік көркі ол да,  
Өркениет өрінде.  
Нұр төгеді елтаңба,  
Ақ орданың төрінде.  
**«Елтаңбасы елімнің» әні орындалады.**  
**2-жүргізуі: Тұғырлы туымыз.**

Егер де Туға тұтас зер салсан, автордың оны жасағанда үлкен мазмұнды ойластырғаны байқалады. Ол жер жүзінде әлемге нұрын шашқан Күн сәулесі астында қияға қанат қақкан қыран – тыныштық пен баянды өмірдің белгісі, ал ою-өрнек тудың қай елдікі екенін аңғартады.

Тудың авторы – Шәкен Оңдасынұлы Ниязбеков – белгілі монументші-суретші. Біздің туымыз – көгілдір түсті, тік төртбұрышты мата. Ол бірлік пен аман-есендейкіті көрсетеді. Оның қақ ортасындағы сәулесін шашқан алтын Күн – тыныштық пен байлықтың белгісі.

Қазақ халқы сонау ерте заманнан бері қыранды киелі, қасиетті құс деп есептеген. Туда қыранның орын алуы тәуелсіздік алған Қазақстан қыран сияқты биіктө болсын, қыран сияқты ғұмыры ұзақ болсын деген ойдан туған.

Тудың сабын бойлай ұлттық ою-өрнек салынған тік жолақ қазақ елінің өзіндік сипатын, танымдық бейнесін көрсетеді.

Мемлекеттік Ту – Республика Президенті сарайында, Парламеттің, Үкіметтің, Министрліктердің ғимараттарында және мемлекеттік мекемелерде

орнатылады. Сонымен қатар Тудың алдында әскер адамдары Отанға адал қызмет етуге аnt қабылдайды.

#### **5-окушы:**

Айнымайды аспаннан,  
Біздің тудың бояуы.  
Оны халық қашанды,  
Биікке іліп қояды.

**«Қазақстан жалауы» әні орындалады.**

#### **1-жүргізуши: Асқақтаған Энұран.**

Кез келген мемлекеттік рәміздердің ең маңыздысы – Энұран. Энұран мемлекеттің салтанатты әні. Ол халықты әйгілі етеді. Оның сөздерінде халықтың мындаған жылғы тарихы, бүгінгі өмірі мен келешек арманы айтылған. Энұранды түрегеліп, жүректің тұсына қолдарын қойып айтады. Бұл өз мемлекетіне деген құрметті көрсетеді. Халық өмір салтын бүгінгі тіршілігі мен келешек армандарын, мың жылғы тарихын осы әнге сыйғызған.

1986 жылы «Менің Қазақстаным» бостандық аңсаған қазақ жастарының бейресми әнұраны болған еді.

2006 жылғы 7 қантардағы Конституциялық заңға сәйкес КР Мемлекеттік Энұранының музыкалық редакциясы мен мәтіні жаңа редакцияда жазылды. Мемлекеттік Энұранның авторы Шәмші Қалдаяқов, сөзін жазғандар Жұмекен Нәжмединов, Нұрсұлтан Назарбаев.

Алғашкы рет Қазақстан Республикасының Әнұраны ретінде «Менің Қазақстаным» әні 10 қантарда 2006 жылы Елбасын ұлықтау рәсімінде орындалды.

Бұл Әнұраның сөзі республика-мыздың барлық халықтарының жүре-гіне жақын, жұрттың бәрінің көнілінен

шыққан, терең отаншылдық сезімдегі ән.

Әнұран салтанатты жиналыстарда, мәжілістерде, шет елдің мемлекет басшыларын қарсы алғанда және шығарып салғанда орындалады.

#### **6-окушы:**

Әнұраным – жан ұраным,  
Барша халық таныған.  
Айтар әнім, сөйлер сөзім,  
Туған жерім сағынарым.  
Бақыт-бірлік – құн талабы,  
Тоқтамайды дабыр әні.  
Мәңгі-бақи шырқалады,  
Республикам Әнұраны!

#### **7-окушы:**

Барша халық таныған,  
Біздің үміт, тілекті.  
Шырқалғанда әнұран,  
Шаттық кернер жүректі.  
Женіс туын көтерген,  
Жарыстарда сан қылы,  
Жетіп бізге шетелден,  
Көкке әнұран шалқиды.  
Шәмші атанаң сазды үні,  
Жігер беріп қайратты,  
Бәрімізді мәз қылып,  
Жаңғыртады аймақты.

**2-жүргізуши:** 1991-2024 жылдар ара-лығында қандай жетістіктерге жеттік? «Тәуелсіздік шежіресі» параптарын ашайық.

**Тәуелсіздік шежіресі оқылады.**  
**«Атамекен» әні орындалады.**  
**Қорытынды.**

**Шынаргұл ЖАНҒАЛИЕВА,**  
**Федоровка орта мектебінің**  
**бастауыш сынып мұғалімі.**

**Федоровка ауылы,**  
**Теректі ауданы,**  
**Батыс Қазақстан облысы.**

# Қазақтың қайсар қызы – Әлия

Конаев қаласы жанындағы әскери-патриоттық бағытындағы «Балдәурен» оқу-сауықтыру орталығы кітапханасында Кеңес Одағының Батыры – Әлия Молдағұлованың туғанына 100 жыл толуына орай «Әлия ерлігі – өшпес тарих» атты тәрбие сағаты өтті.

**Мақсаты:** оқушыларға Әлия Молдағұлованың жарқын өмірі, өжеттілігі, қайсарлылығы, ерлігі туралы әңгімелеу. Оқушыларды Әлия апамыздай елін, жерін сүйеттін, еліміздің патриотты болатын ұл-қыздарды тәрбиелеу.



Әлия Молдағұлова – Ұлы Отан соғысы кезінде Отан қорғау жолында толарсақтан сазға батып, етігімен су кешкен, анттарына адал, айбыны асқақ қазақ қыздарының бірі. Соғыста сүр мергендігімен талай жаудың көзін жойып, ерлікпен қаза тапқан батыр қызы.

Қайсар қызы туралы тәрбие сағатында оқушылар топқа бөлініп, Әлияның өмірі мен майдандағы ерлігі туралы үй тапсырмасын қорғады. Оқушылар сабағында бірлескен топтық тапсырма жұмыстарын орындауды.

1-топ Әлия туралы газетке мақала шығару тапсырмасын орындауда, 2-топ

Әлия туралы буклет жасау тапсырмасын ынтымақтаса орындауды. Әр топ берілген материалдарды қызығушылықпен, шығармашылықпен ұтымды пайдалана білді.

Оқушылар сабакты қорытындылау мақсатында қойылған сұрақтарға жауап беріп, материалды игеруде жақсы нәтиже көрсетті.

Сабағында Ә. Молдағұлованың мемориалды мұражайы туралы бейне ақпарат жазбалар көрсетіліп, батыр туралы өлеңдер оқылды, соғыс, патриоттық тақырыпта әндер және күйлер орындалды.

Тарихи танымды тәрбие сағатында қазақтың қайсар батыр қызы – Әлия Молдағұловаға де-



ген жас үрпақтың патриоттық сезімдері мен жүректерінде құрмет сезімдерін ұлғайтты деп ойлаймын

**Ш. НАБИЕВА,**  
**«Балдәурен» оқу-сауықтыру**  
**орталығының**  
**кітапханашысы.**  
**Қонаев қаласы,**  
**Алматы облысы.**

# Ешкім де, ешнэрсе де ұмыттылмайды



**Аниша  
Жасымбекқызы  
БЕГЕТАЕВА,  
Абай негізгі  
орта мектебінің  
бастауыш сынып  
мұғалімі.  
Абай ауылы,  
Ақтогай ауданы,  
Қарағанды облысы.**

## Тәрбие сағатының мақсаты:

1. Оқушыларға Ұлы Отан соғысы туралы, ел еркіндігін, бостандығын қанымен қорғаған қазақстандықтардың ерлік істерімен таныстыру;

2. Оқушыларды адамгершілікке, Отанын сүюге, ата-бабаларымыздың ерліктеріне сүйене отырып, Отанға деген сүйіспеншілігін арттыруға, оны қорғауға деген ой-өрісін дамыту;

3. Ұлы Отан соғысында ерлік көрсеткен ата-бабаларымыздың ерлік істерін қастерлеп, рухын көтеру, үлгі-өнеге тұтуға баулу.

**Көрнекілігі:** Ұлы Отан туралы жазылған кітаптардан көрме, накыл сөздер жазылған плакаттар. Ұлы Отан соғысы батырларының суреттерінен фото монтаж, слайд, буклеттер.

## Тәрбие сағатының барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі: сыныпты түгендеу, оқушылар зейінін тұрақтандыру.

## II. Жаңа сабак.

Сынып мұғалімінің кіріспе сөзі: Бұ-

гінгі сабағымызда Ұлы Жеңістің оңайлықпен келмегенін, женіске жетер сәттердегі аға-апаларымыздың ерен ерліктері туралы білу. Ұлы Отан соғысына қатысқан ата-апаларымыздың ерлігін ешқашанда ұмытпаймыз, ұмытуға тиісті емеспіз, өйткені олардың ерлігі бізге үлгі-өнеге, мұра.

**I бөлім. Көрініс «Бейбіт өмірдегі ауыл көрінісі».**

1. Бала жетектеген ана өтіп бара жатады;

2. Эке мен бала – орақтарын алып шөп оруға бара жатады;

3. Қарт ана есік алдында отырады.

Бәрі өз тіршілігімен қызу әңгімелесіп, алансыз өмір кешіп жатады. (*Осы сәтте*)

**Радиодан:** Тынданыздар, тынданыздар!

1941 жылдың 22 июнь күні, таңғы сағат 4-те неміс фашист басқыншылары еліміздің шекарасын бұзып, елімізге қауіп төнді.

Тұтқылдан шабуыл жасаған фашистік басқыншылары ішкери қарай ентелеп келеді. (*Бәрі абыржып, көше де сөйлем түрған радионың тұсына келеді*)

Біздің әскерлер зор шығындарға ұшырап, қанша қарсылық көрсеткенмен, мұздай қаруланған жауға тойтаратыс бере алмай жатыр.

Сондықтан жер-жердегі «Отан» деп соққан жүргегі бар азаматтар мен аза-

матшалар отан үшін қолдарыңа қару алып, сапқа тұрындар.....



*(Ауылдың ер азаматтары: әйелдер мен балаларға, қарттарға)*

- Біз соғысқа аттанатын болдық.
  - Ауылды, елді сіздерге тапсырып барамыз. *(Балаларға)*
  - Сендер, *(балаларға)* енді біздің орнымызға еңбек етіп, мына аналарыңың айтқанын орындандар.
  - Біздер Отан үшін кетіп бара жа-тырмыз. *(Бірнеше адамдар атын, тегін айтып түгендеседі)*
- «Священная война» әні баяу ойналып тұрады.**
- Кош болындар! - деп сапқа тұрып қоштасып кетіп қалады.

### **(Шымылдық жабылады)**

### **II бөлім. «Майдан шебінде».**

**Жүргізуші:** 1941 жылдың 14 шілдесінде Алматыда Қазақстандық 316-атқыштар дивизиясы құрылды. Дивизия командирі болып, Иван Васильевич Панфилов тағайындалады. Дивизия құрамында 1073-полктиң бірінші батальонының командирі, аға лейтенант Бауыржан Момышұлы да бар еді.

### ***(Бауыржан рөлінде 1 оқушы жанында 4-5 жауынгері бар, сахнаға шығады)***

**Бауыржан:** Эй, жігіттер, қазақ қазақ болғалы бері талай-талай қамау-

дан өткен. Талай шабуыл-жортуылдар бастан кешірген. Халық өз ойлаған мақсатына да жеткен. Сонау кездегі Исатай, Абай мен Шоқандар халыққа қызмет етумен есімдерін мәнгі қалдырады. Олар – тарихи адамдар. Халық басына күн туғанда, қалың қауымды бастайтын ері болмаса ел не болмақ? Халқымыз бізді мұнда қонаққа жіберген жок. Майданға, халық бакытын қорғауға жіберді. Жігіттер істеріне адал болындар. Өлсек шәйітпіз, халық үшін қазамыз. Ал, біріміз осалдық істесек, опасыздық жасағанымыз. Қорқақтық жасаса – халыққа абыро-йымыз жоқ. Халықтың ар-намысына қарай күйе жағушы боламыз. Мұндай жағдайдан аулақ болайық. Жасасақ та, өлсекте өмір үшін ел намысы дегенді ұмытпайық».

**Мұхамбетқұл рөліндегі оқушы:** Бауыржан, дұрыс айтасың. Міндет те, кім екенімізді де, бұл жерге не үшін келгеніміз де түсінікті. Халқымызға, ел-жұрттымызға, қазақ деген атымызға қара таңба салмайық...

**Солдат:** Айтқаның айбарлы батырдың сөзі. «Төртеу түгел болса, төбедегіні алар, алтау ала болса, ауыздағы кетер» деген халықтың данышпандық сөзін естен шығармайық. Халқымыз бізді мақтан етсін.

### **Бозжанов рөліндегі оқушы:**

- Ақсақал, «ел намысы – ер намысы» деп дұрыс айттыңыз.
- Біз еркіндегі адамдармыз, қауіп етпеніз, бастаңыз майданға, біз ердік, - деді.

**1-оқушы:** Мен Отанымды қорғауға әзірмін!

**2-окуши:** Мен Отаныма адал болып, ерлік көрсетемін!

**Перде жабылады.**

*(Сахнада жарық қайта жанып генерал, жанында Егоров екеуі шығады).*

**Егоров:** Жолдас генерал, рота қозғалыс позициясында, олар окоп қазып жатыр.

- Қорғаныс шебіміз жақсы игерілген.

**Баймалдин:** Жолдас генерал, сіз қазір көріп тұрған бөлімшені қыз бастап барады.

Ол пулемёт бөлімшесінің аға сержанты – Мәншүк Маметова.

**Генерал:** Солай ма? Кейін оны маған таныстырыңыз.

- Жарайсындар жолдастар, жақсы қимылмен келесіндер. Барлық жауынгерлер мен командирлерге алғыс жариялаймын.

**Хормен бір ауыздан:** Отан үшін адал қызмет етеміз!



**Баймалдин:** Шабуыл кезінде пулемётшілер бөлімшесінің командирі аға сержант Маметова өз пулемётін дұрыс пайдаланды.

- Ол жаудың атыс ұяларын дәл көрсетіп, оқ атуға бүйректы дәлме-дәл беріп отырды.

**Генерал:** Шақыр, Маметованы.

**Баймалдин (Мәншүкке келіп):** -Жолдас, генерал сізді шақырады.

*(Мәншүк бойын тік үстап келеді)*

**Мәншүк:** Жолдас генерал, аға сержант Маметова алдыңызда!

**Генерал:** Рахмет, саған қазақ халқының қызы! Сен жақсы пулемётші екенсін.

**Мәншүк:** Отаныма адал қызмет етемін!

**Генерал:** Жасың нешеде, әрі сен майданға қалай тап болып жүрсін?

**Мәншүк:** Жиырма жастамын, жолдас генерал! Майданға өз еркіммен келдім.

Ал өзім Алматы қаласындағы медицина институтында оқымын.

**Генерал:** Ал пулемёт ісін қай жерде үйреніп жүрсін?

**Мәншүк:** Осында, майданда.

**Генерал:** Шайқастарда болдың ба?

**Мәншүк:** Дәл солай, жолдас генерал!

**Генерал:** Алдағы шайқастарда саған табыс тілеймін!

**Мәншүк:** Рахмет жолдас генерал!  
*(Мәншүк шығып кетеді)*

**ІІ бөлім. Сахнаға соғыс даласы жасалады (Радиодан естіліп тұрады)**

1941 жылдың 16 қараша күні Дубосеково разъезі жанындағы Волоколам тас жолы бағытында 28 батыр жерлесіміз жаудың жер қайыстырған болаттай дүлейлеріне қарсы тұрды. Генерал-майор Панфиловтың гвардияшы дивизияның жауынгерлері Москва түбіндегі ұрыста ерен ерлік көрсетті.

Дивизия құрамындағы 4-ротаның саяси жетекшісі Ключков 28 батырға жігер-қайрат берді.

**Көрініс:** Жауынгерлер атыс алаңында мылтықпен, пулемётпен атып жа-

тады. Қолда граната лақтырып жатқан жаралы солдат ұрыс үстінде).

**(Ұнтаспадан соғыс даласының дыбысы естіледі).**

Панфиловшылар бұл жолы да ерекше ерлік көрсетті. Олар он екі тәулік бойы күн-түн демей, дұшпаннның танкілері мен жаяу өскерлерінің шабуылдарын тойтарумен болды. Полк орналасқан бекіністің алды жау өліктеріне толды. Бірақ, жағдай күн өткен сайын қындаған түсті. Азак-тұлік, оқ-дәрі, жаралы жауынгерге қажетті дәрі-дәрмек таусылауға айналды.

**Рациядан:** Алло, алло, бесінші, жауап бер.

- Бізге қосымша дивизия керек, - деп айқайлап жатады.

Қатал соғыс қоршады туған елді.

Өрт өршіді түнеріп, дауыл төнді.

Зор майданда талай ер қанын төгіп, Отан үшін, ел үшін құрбан болды...

Бір-ақ... гвардияшылар жасымады, қыншылықтарға қарсы тұрды.

Отанға, жауынгерлік антқа шын берілгендейтің үлгісін полк командирлерінің өзі көрсете білді.

Отан үшін алға, - Ура!

*(Қолдарында еліміздің туы бар алға қарай Ура! Ура! - деп бәрі шығып жүргіреді)*

**«День Победы» әні ойнап тұрады.**

**Жүргізуші:** Ұлы Отан соғысы 1417 күнге созылды. Бұл соғыста дүние жүзі халқына қара түнек болған неміс жандеттерін жеңіп, біздің жеңімпаз армиямыз Еуропа халқын фашистік бұғаудан азат етті.

Совет Армиясы Москвадан Берлинге дейін данқты жолдан өтті.

1945 жылы 9 мамырда Совет Армиясы неміс армиясын тізе бүктірді. Берлинде фашизмнің ордасы Рейхстаг төбесіне, ең бірінші болып Ақмолалық жерлесіміз, 22 жасар лейтенант Р. Қошқарбаев қызыл ту тікті.

**(Бала көтерген солдат ескерткіш жанына шығып тұрады)**

**IV бөлім: Әдеби-музыкалық монтаж.**

**1-окушы:**

Женіс, женіс, деген хабар жетті танатса,

Таңмен бірге арайлы нұр, тарата.

Жетті хабар май ғұлінің исі боп,

Жетті хабар әлемді жалт қаратса.

**2-окушы:**

Буырқанып тұрса да барша маңым, Ақ сұнқардай дауылға қарсы ағамын.

Кындықты алмастай тіліп өтіп,

Женіске де жетті-ау елім менін.

**3-окушы: Женіс! Женіс!**

Женіс – біздің нанымыз,

Женіс – біздің қасіретіміз, зарымыз.

Женіс – біздің әке, ағамыз,

Женіс – біздің қасиетті қанымыз!

**Құтты болсын, құтты болсын – дескен жүргіт бірі құліп, бірі жылауда.**



**4-окушы:**

Тақылдаса балдақтар,  
Тықылын, жүрек аңдал қал.  
Мәжбүр еткен сұм соғыс,  
Мың батпан онда салмак бар.

**5-окушы:**

Жауға бермей қарыс сүйем жерінді,  
Қан майданда төктің маңдай терін-  
ді.

Кім ұмытар отты қунде жарқылдап,  
Елі үшін құрбан болған ерінді.

**«Соғыстан қайтқан солдаттар» әні  
хормен орындалады.**

**6-окушы:**

Бақытты жеңіс ертенге елді бастады,  
Отанға төнген қайғыны жұлып тас-  
тады.

Жайнады шуақ көңілдің мөлдір ас-  
паны,

Елімде мәңгі тыныштық өмір бас-  
талды.

**7-окушы:** Халқымыздың зердесіне  
1945 жылдың 9 мамыры мәңгілік сак-

талады, ғасырлар бойы ұмытылмайды.  
Себебі бұл – Ұлы Отан соғысының  
Жеңіспен аяқталған күні. Әлем фа-  
шистік құлдық қаупінен азат етілген  
күн.

**9 мамыр Ұлы Жеңіс күні - әрқашан  
біздің тарихымыздың қасиетті мереке-  
лердің бірі болып қала береді.**

**8-окушы:**

Талай құс содан бері қайта оралды,  
Талай бақ әлеміне қайта оранды.  
Соғыста өлгендер тек оралмайды,  
Тек ұрпақ олар жайлы айтады әнді.

**«Әрқашан күн сөнбесін», «Атамекен»  
әндері хормен орындалады.**

Саханада мәңгілік алау басына ғул  
шоқтарын қойған адамдар көрінеді.

**Слайд «Ұлы Жеңіс».** (Сынып сағаты  
басталар алдында ауылдағы Жеңістің  
60 жылдығына орнатылған ескерткіш-  
ке тақтаға қойылған ғул шоқтарын  
слайдтан көрсету)

**«Ақ көгершін» әні орындалады.**

## Бөрі қазақ сөйлесе

Ақын Мұнайдар Балмолдамен кездесу кеші

Орал қаласындағы №37  
жалпы орта білім беретін мек-  
тебі – ашылғанына оншақты  
жылдан сәл асса да, жас ұр-  
паққа сапалы біліммен қатар,  
ұлттық тәрбие құндылықта-  
рын ерінбей-жалақпай егіп  
келе жатқан келелі білім ке-  
шендерінің бірі және бірегейі.

Жақында мектебімізде мектеп кі-  
тапханашыларының ұйымдастыруы-



мен Ақ Жайық өніріне таны-  
мал ақын, жазушы, суретші,  
журналист, жергілікті телеар-  
намыздың танымал жүргізуші-  
сі Мұнайдар Мұханбетжанұлы  
Балмолданың 55 жылдық ме-  
рейтойына орай «Бөрі қазақ  
сөйлесе» атты әдеби-сазды  
кеш оздырылды.

Ақ Жайық өнірі – киелі поэзия әле-  
мінде өзіндік сырымен, бояуымен,

нақышымен оқырманды елең еткізіп жүрген қаламы қарымды ақын-жазушыларға қашан да бай өлке. Солардың бірі – бүгінгі Ақ Жайық әдебиетінен ойып өз орнын алған кешіміздің қонағы – Мұнайдар Мұханбетжанұлы Балмолда.

Әдеби-сазды кештің мақсаты – ақын ағамен жүзбе жүз кездесіп, қашан да халқы, елі, тілі үшін елеңдеп ой қозғап жүрген ақынның өзімен пікір алмасып, оның шығармашылығымен танысу. Жалпы қазақ халқының қанында ақынға деген құрмет – қашаннан бар құбылыс. Қазақта «Ақының құрметтеген ел озады» деген жақсы сөз бар. Ел сөзін сөйлеп, адамдықты биік ту еткен ақын ағамызды оқушылар мен ұстаздар орындарынан тұрып, қошеметпен қол соғып қарсы алды.

Әдеби-сазды кешіміздің шымыл-

шағына саяхаттап, оның туып өскен жері – жақсылар мен жайсандардың мекені – Жанақала жеріндегі Көпжасар ауылына ақынның өзімен саяхат жасадық. Ақынға микрофон ұсынып, туған өлкесі, отбасы, ата-анасы тура-лы толығырақ әңгімелеп беруін өтіндік, адамдықты туғып ұстайтын ақын аға балалық бал шағы мен тәрбиесі тал бесігі туралы айтып берді.

Осыдан кейін мектебіміздің 5-сынып оқушылары Халел Мәди, Майдан Аяжан, Мырзахметова Айданалар ортаға шығып, М. Балмолданың бірнеше өлеңдерін нақышына келтіріп орындалап берді.

Келесі әңгімемізді ақынның ұлт жанашыры болып қалыптасуына зор ықпал еткен Оралдағы 1991 жылғы қыркүйек оқиғасын еске алдық. «Сол бір күз әлі есімізде, орыс казактар жи-

налып жатыр еken дегенді естіп, жатақханадан қашып-пышып, алаңға барғанымыз, оның алдында 1986 жылғы желтоқсан оқиғасының



дығын Күрманғазы баба-мыздың «Адай» күйімен ашып, осы әсем күй туған өлкенің тумасы ретінде ақын ағамыздың балалық





ызғары енді жетіп ұлттық сана жаппай оянып жатқан кез еді. Абырой болғанда қан төгілмей жастар аман қалды. Бірақ әрі қарайғы саяси әңгімелер туралы біреу біліп, біреу білмеді десек те болады. Өйткені ол кезде қазіргі-дей ақпарат дамымаған еді». Сол 1991 жылдың сүйкі күзді туралы бейне сюжет окушылар назарына ұсынылды. Осы кезде ақын біраз толқып, сол күндердің аңы шындығынан сыр шертті.

Біз білетін әдебиет тарихындағы тың тақырыптардың бірі «Көксеректен» кейінгі көкбөрі тақырыбында қалам қозғап жүрген жазушы — осы М. Балмолда. «Осы тақырыпқа қалам қозғауымның өзіндік сыры бар», - деп, «Бала күнімде арланның көзіне үнілген іңкәрлығымнан басталды», - деп, әдемі естелік айтты жазушы жас оқырмандарына. Жазушы қаламынан «Абадан», «Көкбөрі», «Бөріде не арман бар?», «Кие» және т.б. көкбөрілердің сырлы әлеміне енгізетін біраз туындылар жарық көрген.

10 «б» сынып окушысы кешегі X. Есенжанов атындағы Облыстық балалар және жасөспірімдер кітапханасында өткен Мұнайдар ағамыздың шығармашылығына арналған қалалық байқаудың жүлдегері – Нұржанов Р. сул ақынның «Бері қазақ сөйлесе»

Ақын Мұ-  
найдар Балмол-  
да қаламынан

бірнеше жыр жинақтары: «Көкбөрі», «Ақ тұлпар», «Анамның жаққан ошағы», «Махаббат бер маған, тағдыр», «Бөріде не арман бар?», т.б. оқырман жүрегіне жол тартқан шын мәніндегі сұраныстағы әдемі шығармалар екенін біраз оқырман біледі деп ойлаймын. Осы кезде ақын шығармаларын көрермендерге тағы да таныстырып, қысқаша шолу жасалды.

Сондай-ақ бірнеше тарихи шығармалар «Дала көкжалы», «Он төрт» кітаптары ақынның тек өлеңдерін жазып қана қоймай, үнемі ізденіс үстінде екенін айғақтап тұрғандай. Осы «Он төрт» тарихи шығармасы туралы мектебіміздің қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі Макшаева Жазира Жолдиевна әдебиетші ретінде өз ойымен бөлісті.

Көпшілікке мәлім ақын Мұнайдар Балмолданың сөздеріне жазылған бір-неше тамаша әндер бар, оларды Қазақстанның майталман эстрада өкілдері Тамара Асар, Айгүл Қосанова, Айгүл Иманбаева, Димаш Құдайберген, «Жігіттер» тобы, «Шамшырақ» тобы және т.б. өнер майталмандары орындап жүр.

Солардың бірі және бірегейі әлемдік сахна шыңына шыққан тума та-



лант, қас шебер Димаш Құдайбергеннің орындауындағы «Махаббат бер маған, тағдыр» әні. Элемдік жанкүйерлер әнді сол қалпында ана тілімізде шырқап жүргені кез келген ақынның мандайына бітпеген бақ десек те болғандай. Мектебіміздің музика ұстазы Жарасбек Куанышұлының орындауында осы



әсем әнді тыңдал, оқырмандары - мыз бірге шырқап, әдемі кештің қорытындысы болды. Ақын М. Балмолда мектеп басшылығына, үйымдастырушыларға, өз өлеңін жатқа оқыған оқушыларға зор ризашылығын білдіріп, оқушылармен естелік фотоға тұсті.

Алтын уақытын бөліп келгендегі үшін, әсерлі әңгімесі, тәлімі үшін ақынға мектеп әкімшілігі атынан Алғыс хат пен құнды қазына – кітап сыйға тартылды.

**Н. МОНДАГАЛИЕВА,  
№37 жалпы білім беретін орта  
мектеп кітапханасының менгерушісі.  
Орал қаласы.**

# Тіл тағдыры – ел тағдыры

## **Сабактың мақсаты:**

1. Оқушыларға ана тілін білудің маңызын түсіндіру;
  2. Ана тілі туралы жазылған ақындардың өлеңдерін мәнерлеп оқи білуге, жүргегімен қабылдауға дағдыландыру;
  3. Ана тілін құрметтейтін саналы азамат тәрбиелев.

## **Мұғалімнің кіріспе сөзі: Балалар, біздің мектебімізде «Ана тілі» ап-**

талығының ашылуына байланысты тілдер мерекесі өтуде. Міне, бүгінгі тәрбие сағатымыз да осы апталықтың құрметіне байланысты болмақшы.

Халықтың тәуелсіздігінің ең басты белгісі – оның ана тілі, ұлттық мәдениеті жоқ ел өз алдына мемелекет болып өмір сүре алмайды. Біздің Қазақстан Республикасында қазақ тіліне мемелекеттік ста-

тус берілген. Қазақстан тәуелсіз ел болып қалсын десек, онда ең алдымен ана тілімізді дамытуға күш салғанымыз жөн.

**I жүргізуши:** Қазақ тіліміздің өте бай, шежіре, әңгіме, ертегі, мақал-мәтелдерін оқып-тоқып, ой-өрісімізді байыта тұстік. Әсем сөйлеуге әсіресе тапқырлық пен әсем ойдың інжу-маржандары мақал-мәтелдерін жетік біліп, оның сырына үнілу, ана тілінде сөйлеу – оны құрметтеу.

**II жүргізуши:** «Тіл құдіреті», «1001 мақал, 101 жұмбақ» көріністерін тамашалаңыздар!

**I жүргізуши:** Рахмет балалар! Мақалды нақышына келтіре айта алдындар. Ендігі кезекте жұмбақ айтып, жасырып көрейік. Қане кім жұмбақ жасырады еken?

**II жүргізуши:** Міне, балалар, жұмбақ жарысынан мұдірмей өттік, мұның бәрі біздің қазақ тілі өзіміздің ана тілге деген сүйіспеншілік, өз ана тілімізді терең түсініп. Оның тіл байлығын менгере білуімізге қабілетіміздің бар еkenін көрсетіп жатырмыз.

**I жүргізуши:** Енді соңғы айналым, жаңылтпаш айтып бір-бірімізді жаңылдырайық. Мысалы, бастапқы екі жолын, аяғын тез аяқтау керек.

**1-окушы:** Көже пісті, көжені неше кісі ішті?

**2-окушы:**

Құрышшы құрышына күріш алды,

Күрішші күрішіне құрыш алды.

**3-окушы:**

Қарлы шыңға бара аласың ба?

Қарлы шыңдан қар аласың ба?

**4-окушы:**

Батырға қай көлік сай көлік?

Батырға сай көлік – сәйгүлік!

**5-окушы:**

Айта-айта жақ талды, қайта-қайта жатталды,

Қайта-қайта жақ талды, айта-айта жатталды.

**II жүргізуши:** Соңғы кезеңнен де өттік, бәріне көп рахмет. Тәрбие сағатымызды ары қарай жалғастырамыз.

**I жүргізуши:** «Тіл – халықтың қазығы» баяндамасы оқылады.

**II жүргізуши:** Тіліміздің құрметіне байланысты өлеңдер оқылады.

**I жүргізуши:** Әр халықтың тілі сол халықтың қасиеті мен қасіреті, жүйкесі мен жұлыны, жаны мен жүрегі десек осы қасиетіміз бен тарихымызды, мәдениетімізді, арнамысымыз бен абыройымызды сақтап қалу үшін не істеуіміз керек?

«Әр халықтың ана тілі – білімнің кілті», - дейді А. Байтұрсынов атамыз, сонда тілді, дінді жасайтын кімдер? Жастар, яғни мына біздер. Қазақ тілін – ғылым, білім, саяси-экономикалық, халықаралық қарым-қатынас тілі болғызатын мына біздер. Сонда ғана біздің тіліміз өміршеш болмак.

**II жүргізуши:** Бұрынғы бабалары-

мыз Қаз дауысты Қазыбек би қалмақ қонтайшасымен кездескенде:

Біз қазак деген – мал баққан елміз,

Бірақ ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз.

Күт-береке қашпасын деп,

Жеріміздің шетін жау баспасын деп,

Найзағайға үкі таққан елміз.

Ешбір жау баспаған елміз,

Басымыздан сөзді асырмаған елміз,

Асқактаған хан болса,

Хан ордасын таптай білген елміз, - депті.

Сол ата-бабаларымыз қорғай білген, қасиетін асыра білген, қазақ тілін халықаралық деңгейге көтеру – бүгінгі ұрпақ – біздерге бұйырып отыр.

**I жүргізуши:** Біздің Республика-мызда мемлекеттік тілді үйрену – барлық ұлт өкілдеріне ортақ мәселе деп білеміз. Ал ұлтымыздың мемлекеттілігін мәңгілікке айғақтайтын тарих болса, тарихты мәңгілікке жеткізуши – кітап, ал тілдің мәңгілік ғұмыры – осы кітапта жатыр. Тіл мен кітап сайып келгенде ел үшін бірі – тірек, бірі – білек, білік, күш-қуат. Тәуелсіздікті ту еткен, табан жолынан айнымайтын, қандай кезде де құбылмайтын тек осы тіл мен кітап қана.

**II жүргізуши:** Халық бар жерде тіл де бар. Ендеше тіл проблема-

сы – халықтың проблемасы. Біздің қазақ тілі өсу үстіндегі, адам баласының кез келген қызын да құрделі ойын бейнелеудегі мүмкіндігі зор, аса бай тіл. Сондықтан да балалар оны көзіміздің қарашығындаі қастерлейік.

### Корытынды.

- Міне, балалар, біз ана тіліміздің құдіретін түсіндік. Өз тілімізде сөйлеу өнеге-ұлгіміздің өлшемі болып табылады екен. Тәрбие сағатымызды қорытындылау үшін мен сендерге біраз сұрақ қоямын:

1. Тіл туралы Заң қашан қабылданды? (1997 жылы 11 шілде)
2. Тілдің ең негізгі қызметі? (Сөйлеу, қарым-қатынас жасау)
3. Өнер алды не? (Қызыл тіл)
4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тілі? (Қазақ тілі)

- Рахмет, балалар! Бүгін тілдер туралы көп деректер алдық деп ойлаймын. Ана тіліміз қазірде үлкен өріске жол тартты. Дегенмен «Ана тілі – қазақ тілі» деген сөзді қағазға емес көкірегімізге жазатын уақыт жетті. Олай болса, біздің мақсатымыз – Ана тілімізді қадірлеу, Мемлекеттік Тіл мәртебесін көтеру.

**P. ЕСАЛИНОВА,  
№3 Д. Рақышев атындағы қазақ мектеп-интернатының тәрбиешісі.**

**Талдықорған қаласы,  
Жетісү облысы.**

# Жүзден жүйрік

**Мақсаты:** окушылардың бойындағы білім мен өнерді үштастырып, қабілетін шындау.

Окүшыларды білім биғінен көрінуге талпындырып, осы сайыс арқылы жыл оқушысын анықтау.

**Жүргізуші:** Құрметті ұстаздар, окушылар! 5-8 сыныптар үшін «Жүзден жүйрік» интеллектуалды сайыссымыздың қош келдіңіздер! «Жүзден жүйрік» интеллектуалдық сайыссымыздың өз мәресінің нәтижесі шығатын уақыт таяды. Бүгін біз мектебіміздің алғыр да білімді, сапалы да тәрбиелі жыл оқушысын анықтаймыз. Ол оқушы жыл көлемінде өзін тек қана жақсы қырынан таныта білген, мектеп абыройын асқақтата білген оқушы болуы тиіс. Олай болса, іске сәт!

Әділ қазы, ақ қазыға бір сәлем,  
Әділдікке бас иелі күллі әлем.

Жүйрік озар сайыстардан неше бір,  
Сарапқа сал, әділдікпен шеше біл,  
Й келе, сайысымыз әділ өтуі үшін әді-  
азы мүшелерімен таныс болайық.

Екі турдан өтіп, бүгінгі сайысымызға қатысқалы отырған оқушыларымызды қарсы алыңыздар.

## Сайыс V кезеңнен тұрады:

## I кезең «Тапқырлық көпірі»;

## II кезең «Кім жүйрік?»;

### III кезең «Шырқау»;

#### **IV кезең «Шыңға жетті»;**

## В кезең «Жағдаяттарды шешу».

Сонымен, құрметті ойыншыларымыз, сайысмызды бастаймыз.

**I кезең. «Тапқырлық көпірі» (тәнис-тыру).**

Эр оқушыға 2 минут уақыт беріледі.

Әр оқушы өзінің жеткен жетістіктерімен қофамдық жұмысқа тигізіп жүрген үлестері туралы айтып, өздерін таныстырады. Бағалануы – 5 балдық жүйе.

Әділ қазылар алқасы кезең бойынша өздеріңіздің бағаларынызды айта кетсөніздер.

## ІІ кезең. «Кім жүйрік».

Жаратылыстану:

1. Судың тұздылығы есептелең мөлшер бірлігі. (Промилле)
  2. Сүмен қоршалып тұрган күрлықтың шағын бөлігі. (Арал)

## Тарих:

1. Жер бетінде 35-40 мың жыл бұрын өмір сүрген адамның ғылыми атаяу. (Саналы адам)

2. Оңтүстік Қазақстандағы Қазақ хандары мен беделді тұлғалары жерленген Әмір Темірдің бүйрекімен салынған пантеон. (Кожа Ахмет Йассауи кесенесі)

## Казак тілі:

1. Белгілі бір жердегі аймақ, облыс, аудан тұрғындардың сөйлеу тілінде ғана қолданылатын сөздер қалай аталады? (Диалект сөздер)

2. Ақын кейде жансыз табиғат құбылысын кәдімгі тірі адамға, жан иесіне үқсатып, жандандыра, құлпырта суреттейді. Әдебиеттегі мұндай тәсілді қалай атайды? (Кейіптеу)

## Өзін-өзі тану:

1. Дұрыс іс-әрекеттен туындаитын касиет. (Жаксылық)
  2. Ыстық ықылас, шынай сүйіспен-шіліктен не туындаиды? (Махаббат)

**Математика:**

1. Үш тауық үш күнде үш жұмыртқа салады. 12 тауық 12 күнде қанша жұмыртқа салады? (144 жұмыртқа)

2. Устелдің 4 бұрышы бар. Егер оның 2 бұрышын кесіп тастаса неше бұрыш қалады? (6)

**География:**

1. Су астындағы жер сілкінуінен туатын толқындар? (Цунами)

2. Экваторға қарай тұрақты соғатын жел? (Пассат)

**Тарих:**

1. «Қыш құмыралар заманы» деп атаптын дәуір. (Неолит)

2. Бұдан 100 мың жыл бұрын жер беті кенет суи бастады. Қыс ұзаққа созылып, жер бетін қалындығы 2 км мұз басты. Бұл кезең мұз дәуірі деп аталды. Бұл дәуір қашан аяқталды? (Б.з.б. 13 мың жыл бұрын)

**Биология:**

1. Теніз орамжапырағының екінші атауы. (Ламинария)

2. Қай өсімдіктің споралары металургияда қолданылады? (Плауа)

**Өзін-өзі тану:**

1. Адамдардың берік бірлігі, сыйласымдылығы қалай аталады? (Татулық, ынтымақтастық)

2. Адамдардың бір-біріне адал қалтқысыз сеніп, ортақ көзқараста болатын қасиеті (Достық)

**Қазақ тілі:**

1. Етістік мағынасына қарай қалай бөлінеді? (Салт, сабакты)

2. «Қобыланды батыр» жырындағы Қобыланды батыр тұлпарының аты қалай аталады? (Тайбурыл)

**География:**

1. Дүниежүзіндегі ең ірі көл? (Каспий)

2. Жер қыртысының қозғалысы мен өзгерісін зерттейтін ғылым? (Тектоника)

**Тарих:**

1. VIII ғасырдағы Орхон өзені мен Алтай тауының аралығында өмір сүрген 8 тайпаны жазба деректерде қандай атпен атайды? (Найман)

2. Батый хан 1227-1255 жылдары билік етіп Алтай тауынан Дунай өзеніне дейін жерлерді басқарған. Бұл жерлер қандай атпен белгілі? (Алтын Орда).

**Биология:**

1. Тамыр бітелгенде, жүрек бұлшық еттері жансызданғанда, миға қан құйылғанда буылтық құрттардың қай өкілін емдік мақсатта қолданады? (Сұлік)

2. Тек тікен терілерге ғана тән жүйе. (Су тұтікшелі жүйе)

**Өзін-өзі тану:**

1. Адамгершілігі мол, парасатты адамды қалай атایмыз? (Азамат)

2. Адамдарға деген ізгі ниет, құрмет көрсету басқалардың мұддесі үшін жанаяма қасиеті (Адамгершілік)

**Қазақ тілі:**

1. Зат есім қалай түрленеді? (Көптеледі, септеледі, жіктеледі, тәуелденеді)

2. Қарабай, Сарыбай, Ай, Таңсық, Айбас, Қодар қай шығарманың кейіпкерлері? (Қозы Көрпеш-Баян Сұлу)

**География:**

1. Алтай тауы нешеге бөлінеді, ата? (Оңтүстік Алтай, Кенді Алтай, Қалба жотасы)

2. Шығыс Қазақстанда ауаны ластайтын өнеркәсіп? (Тұсті металлургия)

**Химия:**

1. Зат мөлшері қалай белгіленеді және өлшем бірлігі. (Ню, моль)

2. Жылу бөле жүретін реакция қалай аталады? (Экзотермиялық)

Өзін-өзі тану:

1. Ақылдылық, ойлылық. Адамға ғана тән қасиет. (Сана).

2. Адамның өз мұратына сәйкес өмірін өзгертуге бағытталған іс-әрекеттерін ата? (Мақсат)

Биология:

1. Денедегі ен үлкен сүйек. (Орган жілік)

2. Жүректен барлық мүшелер мен ұлпаларға ағатын қан тамыр қалай аталауды? (Артерия).

Қазақ тілі:

1. Сөйлем айтылу мақсатына қарай нешеге бөлінеді? (Төртке: хабарлы, сұраулы, лепті, бүйрықты)

2. «Батыр Баян» поэмасының авторы кім? (Мағжан Жұмабаев)

### III кезең. «Шырқау».

Математика – білім негізі,

Математика – білім көзі.

Математиканы білгендерге,

Ғажайыптың бәрі өзі.

Сіздерге конверттер ұсынылады, әрбір конверттің ішінде 3 логикалық тапсырма жасырылған. Ойлануға 2 минут беріледі. Әрбір дұрыс жауап 5 балдық жүйеде бағаланады, ұшеуіне дұрыс жауап берсе – 15 балл.

1. Қатты шөлдеген адам ыдыстағы сүйиқтан ыдыстың да, ішіндегі сүйиқтың да түріне қарамай ішіп қоюы мүмкін. Дегенмен қандай ыдыстан су ішуге болмайды? (Бос ыдыстан)

2. Темір тыын түріндегі бір теңгеліктің салмағы 1, ал 2 теңгеліктің салмағы 2 грамм. Қайсысы ауыр: 1 кг 1 теңгеліктер ме, әлде 0,5 кг 2 теңгеліктер ме? (Әрине 1 кг жарты килограмнан артық)

3. Бір топ қаз ұшып бара жатыр. Біреуі алдында, екеуі артында, біреуі артында, екеуі алдында, біреуі екеуінің ортасын-

да және ұшеуі бір қатарда. Қанша қаз ұшып бара жатыр? (Барлығы 3 қаз)

1. Үлкен қаланың әр қылышындағы бағдаршаммен «Көлік тығынынан» шаршаған жүргізуі жұмысына 80 минутта келді. Қайтар жолда 1 сағат 20 минут жүріп, үйінде болды. Неге? (Барар жолмен қайтар жол бірдей. Екеуі де 80 минут, немесе 1 сағат 20 минут.

2. Алма ағашында жұмыртқа болуы мүмкін бе? (Иә, егер ол ағашқа құс ұя салса. Ұяда құс жұмыртқасы болуы мүмкін)

3. Ақауы жоқ көлік қалай бұрылса, дөңгелектері солай бұрылуы керек. Бірақ бір дөңгелегі қандай жағдайда бұрылмайды. Қай дөңгелек? (Қосымша дөңгелек)

7 сыныпқа:

1. Екі адам кетіп бара жатып, екі шеге тауып алды. Олардың артынан 3 адам кетіп бара жатыр. Олар қанша шеге тауып алды? (Шегелерді алдыңғылары алып кетті. Олар таппайды)

2. Дөп-дөңгелек дәмді қарбыз дәл ортасынан 2-ге бөлінген. Осы бөлінген қарбыздың жартысы неге ұқсайды? (Қалған жартысына)

3. Сағат 5 белгіні 4 секунд уақытта соғады. Ал 12 белгіні қанша уақытта соғады? (Алғашқы 2 белгіге 1 с уақыт және келесі белгілерге 1 с уақыттан кетеді. Себебі 1-белгіге уақыт есептелмейді. 5 белгіні 4 с соқса, онда 2 белгінің арасы 1 с. Демек 12 белгіні 11 с уақытта соғады)

8-сыныпқа:

1. Ең кіші 3 таңбалы сан, өзі 3-ке бөлінетін және 7-ден басталатын. (702).

2. Ең кіші 4 таңбалы саннын, ен үлкен 1 таңбалы санды алғанда неше болады? (1000-9 = 991)

3. Барлығы уақыт өлшемдері бола-

тұра ғасыр, жыл және сағаттан табылмай, минут пен секундан табылатын не нәрсе? («Н» әрпі)

#### IV кезең. «Шыңға жетті».

Ұяшықтағы сандарды таңдай отырып, сұраққа жауап аламыз (сұрақ 5-6 сыныптарға)

Спорт 10 20 30

Сызықтар, фигуралар 10 20 30

Спорт:

10 – Баскетбол ойыны кезінде алаңда неше ойыншы болуына рұқсат етіледі? (Әр командада 5-тен барлығы 10 ойыншы)

20 – Соңғы жазғы олимпиада ойындары қай жылы, қай елде, қай қалада өтті? (2012 жыл, Англия, Лондон)

30 – Параолимпиалық ойындар деген не? (Мүмкіндігі шектеулі адамдар қатысатын олимпиадалық ойындар)

Сызықтар, фигуралар:

10 – Ұзындығы 60 см қатты сымнан кубтың қаңқасы жасалды. Кубтың қыры неше сантиметр болады? (Жаубы: 5 см)

20 – Екі нүктенің арасындағы тұзу? (Кесінді)

30 – Шенбердің бойындағы екі нүктенің арасы? (Доға)

Сұрақ 7-8 сыныптарға:

Спорт 10 20 30

Сызықтар, фигуралар 10 20 30

Спорт:

10 – Жақсылық Ушкемпіров қай спорт түрінен, қай жылы, қай елде өткен олимпиада ойындарының женім-пазы? (Грек-Рим күресі, КСРО, Москва, 1980 ж.)

20 – Қазақстан футболы өз бастаудың қай жылы, қай қалада алды? (1913 жылы, Семей қаласында)

30 – Олимпиада ойындарының ұра-

ны қандай? (Тезірек, биігірек, күштірек)

Сызықтар, фигуралар:

10 – Қылышатын 2 тұзу мен дөңгелекті ең кем дегендे неше бөлікке бөлуге болады? (3 бөлікке)

20 – Бір қабырғасынан айрылған үшбұрыш. (Бұрыш)

30 – Ұзындығы 9 см, ені 4 см тік төртбұрыштың ауданы квадраттың ауданына тең. Квадраттың қабырғасын табындар. (6 см)

#### V кезең. «Жағдаяттан шығу».

Сіздерге жағдаяттар ұсынылады, 3 минут уақыт ішінде, ойланып жауап беруге болады. Сайыскерлеріміз дайын болғанша, кезекті әнге берейік.

Бүгінгі сайысмыздың қорытынды нәтижесі шыққанша, тағы бір керемет ән тыңдасак.

#### «Мектебім» әні орындалады.

(Әділ қазылар алқасы жеңген оқушыны анықтайды)

**Жүргізуші:**

Білім деген биік шың,

Бақытқа сені жеткізер.

Білім деген ақылшың,

Қындықтан өткізер.

«Өткенімізді білетін, бүгінді түсінетін, ертеңгімізге сеніммен қарайтын азамат болыңыздар!» деген тілекпен бүгінгі сайысмызды аяқтаймыз.

Назарларыңызға рахмет!

**Бағдат Жақсылықовна  
МАХАМБЕРДИЕВА,**

**«Ленин атындағы орта мектебі»**

**КММ-нің педагог-тәлімгері.**

**Катонқарағай ауылы,**

**Катонқарағай ауданы,**

**Шығыс Қазақстан облысы.**

# Өнер алды – қызыл тіл



**Самал Алтайқызы  
ҚОНЫСБАЕВА,  
А.С. Пушкин  
атындағы орта мектеп  
тәлімгері, «Жас ұлан»  
ұйымының жетекшісі.  
Алтай батыр ауылы,  
Байғанин ауданы,  
Актөбе облысы.**

**Мақсаты:** оқушылардың ана тіліне деген сүйіспеншілігін арттыру, байырғы сөздердің мағынасын ашу, салт-дәстүрімізді жетілдіруге мүмкіндік туғызу. (Осы мақсатпен тоқсан сайын танымдық ойын сағаты ұйымдастырылып отырады, жыл сонында жеңім-паз анықталады)

**Көрнекілігі:** бейнетаспа, слайд, тіл туралы қанатты сөздер, мерекеге арналған қабырға газеті.

## **Ойынға қатысушылар: 6-7-сынып оқушылары.**

## Ойын бөлімдері:

- I. «Айшықты сөздің астары»;
  - II. «Ескірмейтін есті сөз»;
  - III. «Кім үткыр?»;
  - IV. «Ұшқыр ой, ұтымды жауап»

I. «Айшықты сөздің астары» бөлімі.  
Тілім менің тірлігім, мол қазынам,  
Ата рухын жаныма қондырасын.  
Өзінменен таныдым тарихымды,  
Кемелденіп өзінмен толды жасым.  
(әр балаға 4 тұрақты сөз тіркесі беріліп, сөз тіркестерінің мағынасын арықарай айыру)

- 1) Тайға таңба басқандай:

анық; белгісіз; жылқыға салынатын ен.

- 2) Айдар тақты:  
сүйеніш ету; әйгілі қылу; қасына ертіп жүру.

3) Іш тарту:  
жаман әдет бастау; жақын тұту;  
адам қатарына қосу.

4) Оқалы киім киоу:  
жана киім киоу; шен алу; қарық болу.

5) Иығынан дем алу:  
мақтану; ашулану; қызғану.

6) Қас пен көздің арасында:  
тез, жылдам; кешкүрым; асығыстық.

7) Ит өлген жер:  
таяқ тастам жер; алыс; жақын.

8) Сіркесі су көтермеу:  
көніл-күйі болмады; ренжіп қалу;  
қатты ашулану.

9) Шырағы сөнді:  
ұміттену; жарықтың бітуі; ұміті өшті.

10) Көзге сүйел болу:  
көзге жара шықты; жек көрінішті  
көріну; көздің қызығымен қарau.

11) Өрісі кен:  
ақылы аз; білімді; өнерлі.

13) Су жұқпас:  
алаяқ; майлы зат; дәмі жоқ.

14) Қара қылды қақ жарған:  
арам; қатігез; әділ.

15) Ірге тепті:  
доп тепті; орнықты; өлімші етіп сабады.

16) Бес аспап:  
өнерлі; қобыз; сымбатты.

17) Құлаққа үрған танадай:  
тып-тыныш; тып-типыл; азан-қазан.

## II. «Ескірмейтін есті сөз» бөлімі

Сонғы жылдары ана тіліміздің мемлекеттік мәртебеге ие болуы әдебиетіміз бен мәдениетімізді, салт-дәстүрімізді жетілдіруге мүмкіндік туғызғаны – еліміз үшін зор қуаныш.

(Бұл бөлімде қатысушыларға 4 көнерген сөзден беріледі, мағынасын ашу керек)

**Шатұқ** – теңіз балығының мүйізі, балықтың басы, балықтың көзі.

**Қара етмек** – етік түрі, наң түрі, күріш.

**Жөргемеш** – бас сүйек, құйрықбауыр, ішек-қарын.

**Қағұт** – бидайдан істелетін тағам, тарыдан істелетін тағам, сүт тағамдары.

**Сым-сырақ** – судың түрі, сүттің атауы, тамақтың түрі.

**Ұрын бару** – қызбен жақын танысу, қызға құда тұсу, қызды алып қашу.

**Бесік құда** – қыз бала мен ер баланы кішкене күнінде атастыру, қыз бала мен ер балаға 13-ке толмай отау тіктіру. Ер баланың қалауымен қызды айттыру.

**Шыбыртқы** – үш-төрт өрімді қамшы, бір өрімді қамшы, атадан балаға мұра ретінде қалатын бағалы таяқ.

**Дойыр** – жүннен өрілетін жіп, астаңа, таспадан өретін қамшы.

**Адырна** – керме қайыстың атауы, садақ жебесінің бір түрі, садақ ағашының екі басын ііп ұстап тұратын, жебені тіреп ататын керме қайысы.

**Ажағай** – найзағай, ертедегі шарбы бүлттың атауы, кемпірқосақ.

**Кебеже** – киім-кешек жинауға арналған сандық, көбінесе ас, тағам салуға арналған, ағаштан жасалған әшекейлі, оюлы, ұлкен сырлы сандық. Әшекей бұйымдар салатын сандықша

**Жаппа** – балшықтан немесе тастан қаланған үй, бетін қойдың майымен майлап күлге пісірген наң, найзаға ұқсас жорық қаруының бір түрі.

**Қадемшідік** – бірнеше томды кітап, ұшқыштар арасындағы өзара жарыс, XIX ғасырдың басындағы мұсылмандар арасындағы ескі ілім беру жүйесі.

**Ақбұрғы** – тұтқынның қолына салатын кісен, тұтқынның мойынына салатын ағаш түрі, ауыл-аймақтағы баскөтерер ақылшы адам.

## III. «Кім ұтқыр?» бөлімі.

(Ойынға қатысушы оқушылар әріптер таңдалған алып, сол әріптер бойынша берілген сұрақтарға жауап тауып айтады)

## IV. «Ұшқыр ой, ұтымды жауап» бөлімі.

Тілім менің!

Жауға айбарым, ұраным, туым менің.

Найзасымен тен ұстап осы тілді -  
Намысымды қорғады Сырым менің!

(Бұл бөлімде бейнеслайд арқылы дайындалған суреттерге мақалдар арқылы жауап тауып айтуда керек. (Мысалға: кітаптың суреті болса - «Кітап білім бұлағы, доптың суреті болса - «Доп ойнаған азар», т.б. осылай жағастырады)

**Корытындылау.**

Танымдық ойын сайысының соңында жеңімпаз анықталып, ойынға қатысушыларға мактау қағаздары, ынталандыру сыйлықтары тапсырылады.

# Озаттар сыйысы

## Барысы.

### I. Ұйымдастыру бөлімі

1-4 сыныптар арасында «Озат окушы» атты озаттар сыйысы өткелі отыр. Алдымен, сыйыстың ережелерімен танысып алайық.

1. «Кім зерек» бөлімі. Мұнда окушылар пән бойынша берілген сұрақтарға жауап береді;

2. «Жүйрік ой» бөлімі. Бұл бөлім бойынша окушыларға тірек сөздер беріледі, сол сөздерді пайдаланып, окушылар шағын мәтін құрастырады. Оған 2 минут уақыт беріледі;

3. «Сөз құрақ» бөлімі. «Қарлығаш» деген сөзден 2 минутта көп сөз ойлап шығару керек.

(Әділ қазылармен таныстырыады)

### II. Негізгі бөлім.

Ортаға 1-4 сыныптардың оқу озаттарын шақырайық:

#### 1 бөлім. 1-сынып. Қазақ тілі.

1. Жуан және жінішке дауыстыларды ата;

2. Буын туралы айт;

3. Сөйлем туралы айт.

#### Ана тілі.

1. Аяз қысып, Өрнек сзызып, Терезеңі торлайды. Қай өлеңнен алынған?

2. Пингвиндер неге ұша алмайды?

3. Ғылым таппай мактанба, Орын таппай баптанба. Қай өлең, авторы кім?

#### Математика.

1. Сызықтың түрлерін ата;

2. Кесінді мен сәуленің айырмашылығын айт;

3. Төртбұрыш пен шаршы туралы айт.

#### 2-сынып. Қазақ тілі.

1. Мәтін туралы айт;

2. Сөйлем туралы айт;

3. Сөз құрамы. Түбір мен қосымша.

#### Ана тілі.

1. Сұр бұлт түсі сүйк қаптайды аспан, Құз болып, дымқыл тұман жерді басқан.

Қандай өлең, авторы кім?

2. Ж. Жабаевтың ұстазы кім болған?

Жамбыл Жабаев туралы айт.

3. А. Байтұрсынов туралы айт.

#### Математика.

1. Ұзындық өлшем бірліктерін ата;

2. Сүйір, тік, доғал бұрыштар туралы айт,

3. Масса өлшем бірлігін ата.

#### 3-сынып. Қазақ тілі.

1. «Мен елімді сүйемін. Себебі, біздің елімізде адамдар тату-тәтті тұрады. Астығымыз да мол. Әр түрлі ұлт бірлікте өмір сүріп жатыр». Мәтіннің қай түріне жатады?

2. Сөйлем туралы не білесін?

3. Сөйлем мүшелері дегеніміз не? оларды ата.

#### Математика.

1. 3-тің көбейту кестесін айт;

2. Фигураның ауданын қалай табады?

3. Амалдардың орындалу тәртібін айт.

#### Ана тіл.

1. Кеңсін дала, Туған ана, Көйлегің кен, көк ала. Өлеңнің аты мен авторын ата;

2. «Ауылға келген мұғалім» әңгімесі кім туралы?

3. «Халық қорғаны» әңгімесі кім туралы?

#### 4-сынып. Қазақ тілі.

1. Сөз таптарының неше түрі бар?  
Ата. Зат есім дегеніміз не? Тұрларін ата.
2. Жай сөйлем мен құрмалас сөйлем дегеніміз не? Мысал келтір;
3. Етістік дегеніміз не? Мысал келтір.  
Тұрларін айт.

**Ана тілі.**

1. Аңыз-әңгіме дегеніміз не?
2. Үйсін жұртына баласын басшы етіп тағайындаған хан кім? Баласының аты кім және ол қай жылы тағайындалған?
3. Аңызда айтылған Жерүйықты іздең кім? Оны іздеу себебі неде?

**Математика.**

1. Көп таңбалы сандарды оқуды, жазуды қай кластан бастайды?

2.  $1 \text{ тн} = \dots \text{ кг.}$

1 тн = ... ц.

1 ц = ... кг.

1 кг = ... г.

1 г = ... ж.

3. Шеңбердің ұзындығы бола ма?  
Оның ұзындығын қалай табамыз?

**Логикалық тапсырмалар:****1-сынып.**

1. 1 жұмыртқа 5 минут піседі. Ал 3 жұмыртқа неше минутта піседі?

2. 5 үйрек ұшып барады. Біреуін атып түсірді. Нешеуі қалды?

3. Үстелдің бір бұрышын кескенде неше бұрыш болады?

**2-сынып.**

1. Үлкен адамның салмағы қаншаға тең болуы мүмкін ? 1 кг, 6 кг, 60 кг, 600 кг;

2. Қалаға 3 женіл машина бара жатыр, оған қарсы 2 женіл, 3 ауыр машина бара жатыр. Қалаға барлығы неше машина бара жатыр?

3. Отбасында 5 ер бала және әрқайсының бір-бірден қарындасы бар. Отбасында неше бала бар?

**3-сынып.**

1. Ауладағы балалардың екеуі жіпті керіп тұр да, алтауы одан кезектесіп се-кіруде. Аулада барлығы қанша бала бар?

2. Элия мектепке келе жатқанда ауа-ның температурасы нөлден төмен  $3^0$  болды. Ол үйге келе жатқанда ауа-ның температурасы нөлден жоғары  $5^0$  болды. Ауа-ның температурасы неше гра-дусқа көтерілді?

3. Отыздың үштен бір бөлігі мен сек-сеннің төрттен бір бөлігінің жартысын салыстыр. Қайсысы артық ?

**4-сынып.**

1. Адам ағзасындағы көру, дыбыс, дәм, иіс сезу қайда талданады?

1. Бас мида; 2. Бел арқада; 3. Жүйке-де; 4. Теріде.

2. Су толтырылған жабық бөтелке түнде мұздатқышта қалдырылды. Та-ңертең қарағанда бөтелкенің жарылға-ны байқалды. Су қатқанда неге бөтел-ке жарылды? (Су қатты күйде болғанда көлемі үлкейеді)

3. Бөлмеде 4 бірдей майшам жанып тұр. Эрбір майшам шыны қақпақпен жабылған. Қақпақтардың көлемі әр түрлі. Қай май шам соңынан сөнеді? (Көлемі үлкен қақпақтың астындағы-сы)

- 2-бөлім:** Тірек сөздер: аспан, жер, найзағай, жаңбыр, көктем сөздерін пайдаланып мәтін құрастырады.

- 3-бөлім:** «Сөз құрак» ойыны.

**Айбарша МҰҚАНБЕТҚАЛИЕВА,  
С. Есетов атындағы жалпы білім беру  
мектебінің бастауыш сынып бірлестігі  
жетекшісі.**

**Талдықұдық ауылы,  
Казталов ауданы,  
Батыс Қазақстан облысы.**

# Менің қар барысым

**Жыл сайын өтілетін Халықаралық табиғатты қорғау акциясы негізінде мектепте өтілетін іс-шара.**

**Мақсаты:** окушыларды саны сиреп бара жатқан қар барысымен таныстыруду, оны қорғауға, сақтауға үйрету, экологиялық сауаттылыққа тәрбиелеу.

**Іс-шара түрі:** қойылым.

**«Менің Қар барысым» – іс-шараның жүргізілуі.**

**1-окушы, Тау-шал:** (тау бейнесінде киінген)

- Мен кәрі тау – Алтай деген шалмын. Менің қойнауымда жайбасар аю да, ебелектеген көбелек те, сееккетеген қоян да, қу тұлқі де, кербез барыс та бәрі-бәрі араласып, құраласып тату-тәтті өмір сүріп жатыр. Біреуі бейбіт өмір кешсе, бірі кейде шекісіп те қалады, бірақ ешкімді ешкім жәбірлемейді, ренжітпейді, кектенбейді. Небір оқиғалардың қуәсі болсам да, ешкімге сырымды ашып көрген емеспін. Дегенмен, балалар сендерге біраз құпиямды ашсам ба деп келдім. Әңгімені бастайын, көп ғасырлар бойы менің басымда өзіммен бірге кәрі Қар барысы өмір сүріп келеді. Оның қуанышына да, қайғысына да куә болып келе жатқан жайым бар.

(Осы кезде «Вместо весело шагать» әні естіледі де, сол ән желісінде орман аң-құстары, жәндіктері өндөтіп, билеп шығады)

**Аң-құстар:**

Орманда біздер жүгірдік.

Өлең айттып, би билеп.

Тра-ля, ля, тра-ля, ля.

Өлең айттып, би билеп.

Кім айтты бізді тату емес деп.

Ешқайсымыз жанжалдаспаймыз.

Тра-ля, ля, тра-ля, ля.

Ешқайсымыз жанжалдаспаймыз.

Кім айттты бізді қорқақ деп.

Ешкімнен қорықпаймыз.

Тра-ля, ля, тра-ля, ля.

Ешкімнен қорықпаймыз.

Қорқытқанның бәрін де.

Қуырамыз отқа біз.

Тра-ля, ля, тра-ля, ля.

Қуырамыз отқа біз,

Бақыттымыз бәріміз.

Ойнап-құліп жүреміз,

Тра-ля, ля, тра-ля, ля.

Ойнап-құліп жүреміз.

(Муз. «Вместо весело шагать» әні ойналады, аң-құстар кетеді. Арттағы тюль ашылады, тас үстінде барыс жатады)

**Барыс:**

Осы орманда достарым.

Осылар менің бақытым.

Олар маған түгел дос.

Бақыт таптым солардан.

Таптым, таптым иә, иә, иә.

Қоян да дос өзіме.

Тұлқі де дос өзіме.

Күнде барам қонаққа.

- Қой, әлгі Тұлқі інішегім қонаққа шақырып кетіп еді, соған барайын (деп, орынан тұрып кетеді. Музыка ойнап, 1 окушы шығып, слайдтан Қар барысын сипаттайды)

(Көнілді музыка ойналады, окушы

кетеді. Осы музыка желісімен бір топ маралдар билер шығады және «Маралдар биін» орындаиды).

**Тау-шал:** (өз сөзін арасында аудитория оқушыларымен де жұмыс жасайды)

- Ал, балалар, менің қойнауымдағы қай жануарды тамашаладындар. Бұлар жайлы білесіндер ме? Жоқ, білмедіңдер ғой, онда көрі барыстан сұрайықшы, ол ешқашан дандайсыған емес, ол әрі ақылды, әрі қайырымды. Қазір бәрін менімен бірге: - Барыс, Барыс бізге көмектесші деп айқайлайық.

(Аудитория оқушыларымен бірге айқайлайды)

**Бәрі:** Барыс! Барыс! Бізге көмектесші. (Барыс шығады)

**Барыс:** Бұл не шу? А, мені көмекке шақырған екенсіндер, неге?

**Тау-шал:** Жаңағы ойнақтаған қандай жануар екенін білмей қалдық?

**Барыс:** Ол жайлы білгідерің келсе, ол өзіміздің кербез марал ғой. Қазір ол жайлы айтып берейін

- Марал...

(Музыка ойналады, Барыс тас үстіне барып жатады. Осы музыка желісімен, сұырлар бір-бірімен ойнап, сылқылдан күліп, бір-бірін қуалап шығады. Сосын бәрі билейді. Бірақ бір сұыр билемейді, бұл күзетші сұыр. Ол маңайды дүrbісімен шолып тұрады, Микрофоннан дыбыс шығару. Сол кезде күзетші сұыр біркелкі қатты дауыс шығарып, ысқырады. Бәрі қаша жөнеледі).

**Тау-шал:** (шығады):

- Ал, балалар нені көрдіңдер? Танындар ма? А-а білмедіңдер ғой. Онда көрі барысты шақырайық, қалай шақырамыз білесіндер ғой.

**Бәрі:** Барыс! Барыс! Бізге көмектесші.

**Барыс:** Бұл не шу? Тағы менің көмегім керек болып қалды ма? Балалар сендер суырды таныдындар ма? Қазір мен кішкене суырды шақырайын, өздері жайлы айтып өтсін.

**Бала сұыр:** (өздеріне тән ысқырықпен ысқырып шығады):

- Суырлар-бұл ірі кеміргіштер. Дене түркы 60 см, салмағы 8 кг. Бұлар бірнеше аузы бар ін қазады. Ол ауыздың бірі тұракты інге, бірі уақытша інге апарады. Уақытша інді жауынан қорғанған да, дем алғанда пайдаланады. Тұракты інді қысқы үйқыға жатуға әзірлейді. Иннің аузында үйілген топырақ болады. Сол жерге күзетші сұыр шығып, айналасын бақылап тұрады. Егер қауіп төне қалса, ысқырып, белгі береді, қалғаны інге тығыла қалады. Өсімдікпен қоректенеді, су ішпейді. Ала жаздай тері астына май қорын жинайды. Майының емдік қасиеті бар. Ойынды өте жақсы көреді. Рахмет тыңдағандарыңызға!

(Музыка ойналады, сұыр кетеді. Микрофоннан үйректің құрқылдаған дауысы естіледі. Сосын «Шөп-шөжелерім» музыкасымен бір топ үйрек балапандары билейді. Би аяқтала бергенде Тұрпан бейнесіндегі ана үйрек шығып, балапандарды алып кетеді. Тау-шал шығады)

**Тау-шал** (аудиториямен жұмыс жасайды)

- Ал, балалар, қандай құсты көрдіңдер? Кім айта алады? Ә, білмедіңдер ғой, тағы көрі Барысты мазалайтын болдық қой! Қане, шақырайық!

**Бәрі:** Барыс! Барыс! Бізге көмектесші!

**Барыс** (келіп жылап отыра кетеді):

- Иә, мені неге жылап отыр деп таң қалған шығарсындар? Ескі досымды көріп, көнілім босап кетті. Бұл Қазақстанда, тек, Рахманов Қайнарында, теңіз деңгейінен 2300 м. биіктікте кездесетін, мен сияқты саны сиреп кеткен – Дөңестұмысқұтұрпан – досым қой. Айналайын, халайық, Тұрпан досыма қол ұшын беріп, көмектесіңдерші! Тимендерші досыма! (Тағы жылап кетіп қалады. Көнілсіз музыка ойналады. Тау-шал шығады).

**Тау-шал:** Неге кәрі Барыс мұнайды? Неге көнілсіз? Кәрі Барыс бізге енді әңгіме айттар ма еken? Қане өзінен сұрайықшы? (Музыка. Тау-шал Барысты құшақтап алыш шығады)

**Тау-шал:** Барыс! Барыс, неге мұнайсың? Неге жылайсың?

**Барыс:** Қалай ғана жыламаймын. Бүгінгі қалім өте мүшкіл, саным сиреп, мекенім тарылып барады. Енді өсіп-өніп көбейе де алмайтын шығармыз? Осы бір Алтай тауының қарлы биік шынында менің ғана әuletім қалды. Әттең басқа әuletтен ешкім қалған жок.

(Осы кезде тарс-тұрс еткен мылтық дыбысы шығады)

**Барыс:** Ойбай, келіп қалды, жүр қаштық! Сау болындар!

(Тау-шал, барыс екеуі қаша жөнеледі, мылтығы бар 2-3 адам дабыр-дұбыр етіп шығады)

**1-адам:** Бүгін қанжығамызға бірдене байланар ма еken? Сандалып жүргенімізге 3-күн болды.

**2-адам:** Бұл Қар барысын жер жұтып кеткен бе? Бір белгі, бір дыбыс жок. Мен күдерімді үзе бастадым, тағы құрқол қайтамыз ба? Тәуір-ақ, сайланып

шығып едім. Міне, карабин, міне дұрбі, міне сөмке.

**3-адам:** Шіркін, қар барысы терісі! Апарып сатса ғой! 1 теріні 1 мың долларға бағалар еді. Мін-ееее, ақша қайда. Сосын ақшаны қалтаға басып алыш, су жаңа Джип алсам, онымен қайда барам деймін, өзім білер едім.

- Е, е, е, е, ей қайдасың, сен барыс!
- Шық бері, тығылмай!

**1-адам:** Достар, осыған өздерін кінелісіндер. Вертолетпен шығайық дегенде, жоқ ойбай, жабайы табиғатты жаяу жүріп аралап, аң аулаған қызық деп болмадындар емес пе? Енді міне отырысымыз. Қойындар үйге қайтайдық та, тікүшақпен өткен жылғыдай келіп, қар барысын аулайық. Сосын керегінше тиеп алыш қайтайдық. Ол өте қызық, вертолетпен шүйіліп келіп, алақ-жұлақ еткен аңды дәл шекеден сарт еткізіп, сылқ еткізу қандай ғажап! Ал кеттік! (Қобыздың зарлы үні)

**Тау-шал:**

- Ей адамзат, ойланшы сен бір сәт қана.
- Жауыздықтан күніреніп жылап тұрғой бар дала.
- Ысырапсыз табиғаттың пайдаланып бар байлығын.
- Не көреді? Не қалады артындағы үрпаққа?
- Мен көрдім жас барыстың құлағанын.
- Бас ұрып қара жерге сұлағанын.
- Телміріп екі көзі өлеусіреп.
- Байғұстың кім тындейді жылағанын.

(«Бухенвальский набат» мелодиясы ойнайды)

**1-окушы («Менің Қар барысым» өлеңін оқиды)**

- Андардың ішіндегі ғажап ері,  
Шындардың құзар басы туған жері.  
Көрі мен ауруын тазалаған,  
Алтайдың шүбар халат дәрігері.

- Таутекесін құздарға жайып салып,  
Көмекке барған екен кетсе тайып.  
Құлаған лақтарын шығарыпты,  
Көзімен көргендер бар таңғажайып.

- Бейне бір Алтайымның пысық  
шалы,  
Таутеке, марал, елік баққан малы.  
Адамның пиғылдары кеткен сайын,  
Азайып бара жатыр кеміп саны.

- Табиғатты емдеген тән жарасын,  
Ішіне осылардың таң қаласын.  
Көрсетең көзіңе әкеп ей адамдар,  
Алтайдың өлтірмессің бал арасын.

- Біреу жүр мылтық сайлап атам-ау  
деп,  
Ақшаға шаш етектен батам-ау деп.  
Қар барысы ойлайды арыс басын,  
Иленіп табан асты жатам-ау деп.

- Жолдары бола бермес ылғи ұдай,  
Адам да жер бетінде емес құдай.  
Шындардан пенделерге қарап тұр-  
ған,

Қар барысы Алтайдың символын-  
дай.

- Түйесіз кісілерім болған пақыр,  
Үстінде мәз болады болса шатыр.  
Ара мен аң құрыса жер бетінде,  
Орнайды құрандағы заман ақыр.  
- Айырылып қалмайықшы қолды  
жайып.

Игілікті іс жаса елге лайық,

Күндақтағы сәбидей зар жылаған.  
Туған жерді өксітпей аялайық!  
(Қобыз үні, зарлы музыка әуенімен  
кетеді)

#### Тау-шал (шығады):

- Балалар, Алтай тауын мекен етуші  
Қар барысы бүгінгі күні Қазақстанның  
Қызыл кітабына енгізіліп, саны сиреп  
кеткен тұр екендігін айтып дабыл қа-  
ғамыз!

#### Барыс (шығады):

- Міне, мені құтқаруға көмекке жас  
экологтарда келіп қалды!

(Горн тартып, барабан ойнап жас  
экологтар келіп кіреді, олар ән айта-  
ды)

#### Экологтар:

- Алдымыздан тауымның желі еседі.  
- Жел еседі көнілге теңеседі.  
- Нұр құяды көнілге жыр құяды.  
- Қар барысының ойлайық келеше-  
гін.

- Кел достар, жолдастар, жолдастар,  
жолдастар.

- Барысты қорғайық, қорғайық,  
қорғайық.

- Эсем барысты.

- Кербез барысты.

- Адамзат, қорғайтын сен ғана!

**Бәрі:** Қар барысын қорғайық, сақта-  
йық!

**Роза Омарбековна АУГОНБАЕВА,**

**Шығыс Қазақстан облысы білім**

**басқармасы**

**Катонқарагай ауданы бойынша білім**

**бөлімінің**

**«Жамбыл орта мектебі» КММ**

**биология пәні мұғалімі.**

**Катонқарагай ауданы,**

**Шығыс Қазақстан облысы.**

# Партизан жазушының шығармасы насиҳатталды



**Гүлдана Мұратқызы  
КУАНЫШ,  
Д. Қонаев атындағы  
жалпы білім  
беретін орта мектеп-  
гимназиясының  
кітапханашысы.  
Ақтөбе қаласы,  
Ақтөбе облысы.**

Ұлы Отан соғысы кезінде жау тылышындағы партизандардың басқыншыларға қарсы жасаған зор ерліктерін ұлкен тебіреніспен жазған шығармалар бар. Солардың бірі әрі бірегейі оқырман қауымға кеңінен танымал Қазақстанның Халық қаһарманы, партизан жазушы Қасым Қайсеновтың «Мазмұндама» қоғамдық қорынан басылып шыққан «Жау тылышындағы бала» повесі. Автор бұл повесте сұрапыл Ұлы Отан соғысы кезінде Украина жерінде он жасар қазақ баласының партизандар қатарында болған қылыш өмір сокпағын суреттейді. Жыл сайын ұзбей жүзеге асып келе жатқан «Оқуға құштар мектеп – оқуға құштар ұлт» жобасын жүзеге асыруға негізделген алты бағыттың аясында көркем әдебиет оқуарқылы жасөспірімдердің рухани және адамгершілік әлеуетін дамыту мақсатында Д. Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп-гимназиясының кітапханасы наурыз-сәуір айларының аралығында осы шығарманы түрлі бағытта насиҳаттады. Атап өтер

болсақ, 7 «Қ» сыныбының оқушылары Е. Ерғазы мен Н. Хайрулла «Менің сүйікті кітабым» атты тақырыпта интервью ұйымдастыrsa, 7 «Ә» сынып оқушыларына қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі А.С. Кужахметова «Бинго» әдісі арқылы «Жау тылышындағы бала» повесін жан-жақты талдатса, 9 «Б» сыныбында сынып сағаты өткізіліп, оқушылар шығарма желісін әсерлі баяндан берді.

Бала үшін бас ұстаз – ата-ана екенін ескерсек, жақсы ата-ана бола білу жауапты істің бірі де бірегейі білімді үрпақ тәрбиелеу. Атап өту керек, «Оқуға құштар мектеп – оқуға құштар ұлт» жобасының «Оқы және өзгеге сыйла» бағыты аясында 7 «В» сынып оқушылары Б. Сүйіндікұлы, Ә. Қонысбай, С. Бақытжан, А. Умирбаеваның ата-аналары К. Қайсеновтың «Жау тылышындағы бала» кітабын өз балаларына сыйға тарту етті. Сондай-ақ, 9 «З» сынып оқушысы Р. Кубишта, А. Кәдір, 9 «Ж» сынып оқушысы А. Тастанова, 9 «Б» сынып оқушысы А. Салық, 9 «З» сынып оқушысы А. Сайлаубай оқиға желісін қылқаламның күшімен шебер суреттеді.

Қорытатын болсақ, тарихы сан алуан оқиғаларға толы қазақ халқынан шыққан көрнекті тұлғалардың көлемді оқиғаларын кескіндеу мен мазмұндаудың барысында шығарманың үрпақтан үрпаққа жалғаса жетуі үшін тынбай еңбектену біздің азаматтық борышмызы деп білемін!

## 23 сәуір - Дүниежүзілік кітап және авторлық құқық қүні

Ақтөбе қаласындағы «Қалалық орталықтандырылған кітапхана жүйесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінен қарасты №5 Самуил Яковлевич Маршак атындағы қалалық балалар кітапханасының ұйымдастыруымен 23 сәуір – Дүниежүзілік кітап және авторлық құқық қүніне орай №5 С.Я. Маршак атындағы қалалық балалар кітапханасында шетел жазушысы Эрнест Хемингуэйдің «Шал мен теңіз» атты шығармасына әдеби глобус (талдау) өтті. Шара барысында кітапханашы Біршілік Аяжан атаулы құнге қысқаша ақпарат берді.

23 сәуір – әлем әдебиеті үшін символикалық қүн. Дәл осы қүні әлемдік әдебиет майталмандары М. Сервантес, У. Шекспир, И. Вега, М. Дрюон сынды танымал авторлар туған немесе өмірден озған қүн. 1995 жылы

Париждегі өткен ЮНЕСКО-ның Бас конференциясы бұл қүні кітаптар мен авторларға құрмет білдіру туралы шешім қабылдады. Мереке Халықаралық Кітап баспа Ассоциациясының ынтасымен 1969 жылдан тойланып келеді.



1995 жылдың 16 қарашасында өткен ЮНЕСКО-ның Бас конференциясының 28-сессиясында мереке туралы Қарар қабылданып, 23 сәуір – «Дүниежүзілік кітап және авторлық құқықты қорғау қүні» болып жарияланды. Осы мереке арқылы ЮНЕСКО ұйымы баршаны, әсіреле, жастарды кітап оқудан ләззат алуға, адамзаттың әлеуметтік және мәдени дамуына өлшеусіз үлес қосқан адамдардың енбекін құрметтеуге шақырады. Жыл сайын Дүниежүзілік кітап және авторлық құқықты қорғау қүніне орай кітапханамызда түрлі





мәдени шаralар, кітап көр-  
мелерін ұйымдастыруды дәс-  
түрге айналдырып келеміз.  
Осы мереке аясында танымал  
америкалық журналист және  
жазушы Эрнест Хэмингуэй-  
дін «Шал мен теңіз» атты шы-



шармасына талдау жасалынып, оқырмандар пікірлерімен бөлісті. Кітапхана шылар бұл әдеби жазушының өмір жолымен таныстырып, шығармасына терең тоқталды. Шығарма желісінде автордың өмір жолы, басынан өткен қындықтары талқыланды. Соғыс кезіндегі жаралы жазушының өмір белестері осы шығармада шынайы өрбіген. Эке арманы мен бала арманының екі жаққа кетуі. Бала арманының орта жасқа келгенде бір бөлшегінің орындауды шығармада анық баяндалған. Осы шығарма желісі бойынша кинофильмде түсірілгені туралы ақпарат беріп, оқырмандар фильмнен қысқаша үзіндейлер тамашалады. Шығарма кейіпкерінің көп еңбектену, тер төгу арқылы мақсатына жеткендігі туралы айтылды. Шара сонында оқырмандарға баян етілгендей және кинофильмнен үзінді жерлерінен сұрақтар қойылды. Оқырмандар өз ойларымен бөлісті. Шараға

серіктес №12 орта мектебінің 6-сынып оқырмандары кітапхана маманы Гүлнар Жармуханова және кітапхана жаңынан құрылған «Күншуақ» клубының мүшелері қатысты. Оқырмандар бүгінгі күннен көп мәлімет алғандарын, рухани азық алғандарын айтып кетті. Шара сонында кітапхана менгерушісі Кеншінбаева Ақжібек Шындаулетқызы: «Кітап – өмір ұстазы. Сондықтан жастар кітап оқуды күнделікті әдет қылуы тиіс. Кітап оқымай өмірді білу, білім алу мүмкін емес», - деп, Серке Қожамқұловтың сөзімен қорытындылап, белсенді қатысқан оқырмандарға алғыс білдірді.

Раушан Қартбайқызы  
ЖҰМАҒҰЛОВА,  
№5 С.Я. Маршак атындағы  
қалалық балалар кітапханасының  
кітапханашысы.  
Ақтөбе қаласы.

## Дені сау ұрпақ – жарқын болашақ

Ақтөбе қаласындағы «Қалалық орталықтандырылған кітапхана жүйесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне қарасты №5 Самуил Яковлевич Маршак атындағы қалалық балалар кітапханасының ұйымдастыруымен 7 сәуір – Дүниежүзілік денсаулық күніне орай «Дені сау ұрпақ – жарқын болашақ» атты библиотерапия шарасы серіктес №33 мектептің ерекше оқырмандарымен өтті. Денсаулықтың

адам өмір сүруі үшін аса қажеттілігін, оны сақтай білудің адам өміріндегі маңызы, микробтардың ағза қауіптілігін, кір қолдың қандай ауруларға ұшыратынын, жұқпалы аурулардан сақтану жолдарын түсіндіру мақсатында, оқырмандардың өз ойларын айта білуі, өздері ой-түйін жасай білу дағдыларын дамыту және кітап оқу арқылы емделуге болатынын түсіндіру, кітаптың көтерінкі көніл-күй сыйлайтыны, жарқын



әсер қалдыратыны туралы түсінік беру мақсатында ұйымдастырылды. Кітапханашы Раушан Жұмагұлова аталмыш күн туралы айтып, денсаулықты сақтау маныздылығы, оны қалай күту керек екенін әңгімелеп берді. Сонымен қатар, кейбір ауырған адамдарды кітап оку арқылы емдеуге болатынын айттып өтті. Библиотерапия деген ұғымға түсінік беріп, оқырмандар жасырылған жұмбактарды жылдам, тез шешуін тауып, тақырып аясында сөзден сөз құрастырып жазып, көнілді ойындар ойналды. Тағамдардың таза болуына аса мән беру керек. Беті ашық түрде салынатын тамақтарды жемеу керек. Терлеп тұрып су ішпеу керек. Балалар денсаулық дегенді қалай түсінесіндер? Спортпен шұғылдану деген не? – деген сұрақтар қойылды. Кітапхана жанынан құрылған «Күншуақ» клубының мүшелері толық жауаптарын айттып берді. Адамның иммунитеті неғұрлым күшті болса, оның денсаулығы соғұрлым жақсы болады деп, шараны әр түрлі ерекше оқырмандардың мүмкіндіктеріне қарай көнілді спорттық ойынмен жалғасты. Ерекше оқырмандарымыздың көнілдерін мерекелік әнмен көтеріп, оқырмандар бір серпіліп қалды. Тақырып төнірегінде ұлттымыздың ұлы

тұлғаларының шығармаларынан үзінділер оқылды. Балалар жазушысы Бердібек Соқпақбаевтың «Мениң атым – Қожа» шығармасынан да шолу айттып, бейнебаяннан қызықты, тәрбиелік мәні бар жерлерінен үзінділер көрсетілді. Серіктес №33 қазақ орта жалпы білім білім беру мектебінің кітапхана маманы Ақтолқын Арыстанқызы Садақбаева: «Дені сау адам көнілді, мықты, жұмысқа қабілеті жақсы болады», - деп сөзін қорытындылады. «Ұлы ойшыл Сократқа кезінде мынадай сұрақ қойылыпты: «Адамға өмірде не қымбаттырақ: байлық па, әлде атақ па?», - депті. Сонда Сократ: «Байлық та, атақ та, даңқ та адамды шын бақытты ете алмайды. Дені сау кедей, ауру патшадан бақыттырақ» - деп, жауап беріп-ті. Яғни адам бақытты болу үшін оған денсаулық керек екен деп, кітапхана менгерушісі Ақжібек Шындаулетқызы Кеншінбаева шараны қортыныдылап, белсенді қатысқан ерекше оқырмандарға тәттілер таратып, алғыс білдірді.

**Аяжан Элібайқызы БІРШІЛІК,  
№5 Самуил Яковлевич Маршак  
атындағы қалалық балалар  
кітапханасының кітапханашысы.  
Ақтөбе қаласы**

# Жаһанға мәлім Жошы ұлысы

Жуырда серіктес Ақтөбе өнеркәсіптік технологиялар колледжінің ұйымдастыруымен Жошы ұлысының құрылғанына 800 жыл толуына орай «Жаһанға мәлім Жошы ұлысы» атты ақпараттық сағаты өтті. Осы шараның көрмесін жасақтаған Ақтөбе қаласындағы «Қалалық орталықтандырылған кітапхана жүйесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне қарасты №5 Самуил Яковлевич Маршак атындағы қалалық балалар кітапхана маマンдары.

Ұлы ханның өмір жолымен ерлігі 6 ғасыр бойы еліміздің аумағында билік құрғанын және бұл кезең тарихымыз үшін алтын ғасырға айналғаны туралы ақпарат беріп, көрмеге шолу жасаған кітапханашы Біршілік Аяжан. Бейнебаяннан Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошының үлес-игілігінің қалыптасуы тарихын, сонымен бірге, ерлігі, шайқастағы батырлығы, қызуқанды ер жүрек, өjet, әрі шебер жауынгер болғандығы және әскерлеріне әдіс-тәсілдерін пысық машықтап, Жошыхан барлық жорықтарында жеңіспен оралғандығы баяндалды. Шарадан оқырмандар өздеріне керек ақпаратты алып ойлары-



мен бөлісіп сұрақтарына жауаптарын алды. Кітапхананың менгерушісі оқырмандарға Жошы ханның ерлігі туралы жақсы ақпарат алғанын, сонымен бірге Жошының әкесі Шыңғыс ханының ұлы, баласының төрессінен айырылған кезде айтылған

**«Құлынын алдырған құландай, құлынымнан айырылдым.**

**Айрылысқан аққудай, ер ұлымнан айырылдым»** - деген сөзімен қорытындылады.

**«Ерлік білекте емес, жүректе».** Жүргегімізben Отанымыздың патриоты бола білейік!

**Ақжібек Шындәuletқызы  
КЕНШІНБАЕВА,  
№5 С.Я. Маршак атындағы  
қалалық балалар  
кітапханасының менгерушісі.  
Ақтөбе қаласы.**

# Ұранды елдің ұрпағы қайса?

Сазды тұрғын үй алабындағы №10 модельді кітапханада «Ұранды елдің ұрпағы қайса!» атты Кеңес Одағының батыры Сағадат Нұрмәғанбетовтың туғанына 100 жыл толуына орай өскери борышын өтеп келген жастармен Ақтөбе қаласындағы №66 жалпы білім беретін орта мектептің алғашқы өскери дайындық пәні мұғалімі мен 10-11 сынып оқушыларының кездесу кеші ұйымдастырылды.

**Мақсаты:** тұғырлы тұлғаның жауынгерлік жолын жас ұрпаққа насиҳаттау және патриоттық тәрбие беру.

Шараға өскери борышын өтеп келген Тұрабаев Жана-рыс Сырым ұлы мен Бұркітбаев Жадырасын Бексұлтанұлы қатысты. Оқушылар өскери өмірден түрлі сұрақтар қойып, қызығы мен қындығы туралы біраз мағлұматтар алды. Қонақтар өскерге барғанның көп артықшылығына тоқтала келіп, көзіргі таңда ішкі істер саласында қызмет етіп жатқандықтары туралы қызықты түсініктер беріп өтті. Шара соңында қонақтар өскерде сапта тұрғанда айтқан әндерін шырқады. Сазды мәдениет үйінің қызметкері



Ізтілеуов Нұрбол «Алға, қазақ жігіттері!» әнімен кештін шырайын кіргізді.

**Айнұр Әбдіқызы ТАҒАН,**  
**Сазды тұрғын үй алабындағы**  
**№10 модельді**  
**кітапхананың кітапханашысы.**  
**Ақтөбе қаласы.**